



ТЕЛЕФОН АРҚЫЛЫ СӨЙЛЕСТІ



Шавкат Мирзиёев Қасым-Жомарт Тоқаевты Қазақстан Республикасы Құрылтайы депутаттарының алғашқы сайлауы сәтті өтуімен құттықтады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Шавкат Мирзиёевке қолдауы мен халықаралық ұйымдар құрамында Өзбекстан байқаушылар миссиясын жібергені үшін алғыс айтты.

Президент Өзбекстан көшбасшысына елімізде жүргізіліп жатқан ішкі саяси өзгерістер туралы айтты, Құрылтай — озық, заманауи және әділетті Қазақстан құруға бағытталған саяси реформалардың маңызды бөлігі екенін атап өтті.

Тараптар достық пен стратегиялық серіктестік рухында ұдайы нығайып келе жатқан қазақ-өзбек қарым-қатынасының даму барысына көңіл толатынын атап өтті.

Өңгімелесу барысында сауда-экономикалық ықпалдастықты кеңейтуге, көлік-логистика, өндірістік кооперация салаларындағы бірлескен инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға, сондай-ақ Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы іскерлік топтардың байланысын жандандыруға баса назар аударылды.

Мемлекеттер басшылары өңірлік және халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасты.

Мемлекет басшысы Сербия Президенті Александр Вучичпен телефон арқылы сөйлесті.



Александр Вучич Қасым-Жомарт Тоқаевты Құрылтай сайлауының сәтті өтуімен құттықтап, Президент реформалары азаматтардың жоғары қолдауына ие болғанын атап өтті.

Мемлекет басшысы Сербия Президентіне ризашылығын білдіріп, елімізде қолға алынған ішкі саяси өзгерістер жөнінде мәлімет берді. Сонымен қатар Қазақстанның саяси жүйесіндегі ауқымды трансформацияның тарихи мәніне тоқталды.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Александр Вучич қазақ-серб қарым-қатынасының қазіргі жай-күйін және даму перспективасын талқылады.

Тараптар екіжақты серіктестіктің орнықты динамикасына көңіл толатынын айтты, іскерлік байланыстарды нығайтуға және энергетика, көлік-логистика, ауыл шаруашылығы, цифрландыру салаларындағы бірлескен инвестициялық жобаларды ілгерілетуге мүдделі екендерін жеткізді.

ҚҰРЫЛТАЙ САЙЛАУЫ –
АУҚЫМДЫ ӨЗГЕРІСТЕРДІҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Тәуелсіздік сарайында орналасқан №520 сайлау учаскесінде Қазақстан Республикасы Құрылтай депутаттарының сайлауында дауыс берді.

Мемлекет басшысы дауыс берген соң бұқаралық ақпарат құралдары өкілдеріне арналған брифинг өткізді.

Президент Құрылтай сайлауының маңызы айрықша екенін атап өтіп, бұл саяси оқиға ауқымды өзгерістердің жаңа кезеңіне жол ашатынын айтты.

— Шын мәнінде, бүгін — еліміз үшін тарихи күн. Тұңғыш рет бірпалаталы Құрылтай сайлауын өткізіп отырмыз. Бұл — маңызды тарихи оқиға. Біз біртұтас ел болып, ауқымды реформалар жүргізіп жатырмыз. Мұны бәріміз білесіздер, куә болып отырсыздар.

Ойдағыдай нәтижелерге қол жеткіздік. Дегенмен алдымызда тұрған жұмыс ауқымды, мақсатымыз маңызды деп айтуға болады. Бүгінгі сайлау — осы жұмыстың бастауы ғана, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұдан соң Мемлекет басшысы алғашқы Құрылтай сайлауына және елдегі өзгерістерге қатысты бірқатар сауалға жауап берді. Алдымен «Хабар» телеарнасының тілшісі Сағынш Әбікей Құрылтай мен Қазақстан Халық Кеңесі іске кірісіп, Вице-Президент лауазымы тағайындалғаннан кейін елде қандай өзгерістер болатынын сұрады.

— Жұрттың бәрі Вице-Президент лауазымы туралы сұрап жатыр. Расында, бұл — айтулы өзгеріс. Біз Конституциямызға жаңа лауазымды арнайы енгіздік. Себебі қазіргі бұлыңғыр заманда мұндай лауазым елімізге өте қажет. Келесі аптада немесе он күн ішінде Вице-Президент кім екені мәлім болады. Мен оны қазір анық айта алмаймын. Ол белгілі, сіздер жақсы білетін адам болады деп ойлаймын. Тағы басқа реформаларды іске асырамыз. Мысалы, Қазақстан Халық Кеңесінің жұмысын жандандыру қажет. Халық Кеңесі дегеніміз — жаңа орган. Кейбір аза-

маттар Ассамблея туралы сұрап жатыр екен. Халық Кеңесі Ассамблеяның атқарған қызметін одан әрі күшейтеді деп ойлаймын. Бұл көпфункционалды, жаңа саяси тетік деп айтуға болады. Сондықтан Кеңестің жұмысы жемісті болатынына кәміл сенемін. Жалпы, жоспарымыз өте ауқымды. Осыған дейін айтқанымыдай, Қазақстан үлкен құрылыс алаңына айналуы керек. Әр облыс орталығында немесе аудандар мен қалаларда ірі құрылыстар жүргізіледі. Емханалар, балаларға арналған оңалту орталықтары, басқа да нысандар салынады. Астанада жаңа көпір, Домбыра сарайы, Су ресурстарын зерттеу орталығы секілді маңызды нысандар бой көтереді. Қалаларды абаттандыру керек. «Таза Қазақстан» акциясын ойдағыдай жалғастыру қажет. Сондықтан қол қусырып отыруға болмайды. Бәріміз бір ел болып іске кіріскеніміз жөн. Біздің Қазақстаннан басқа Отанымыз жоқ, Отан үшін бәріміз күш салуымыз керек. Жалпы, саяси науқан жақсы өтті. Себебі жұрт алдына жаңа тұлғалар шықты, ұтымды идеялар айтылды. Бұл Құрылтай еліміздің дамуына тың серпін береді деп ойлаймын, — деді Мемлекет басшысы.

Бұдан кейін Vlast.kz интернет басылымының тілшісі Тамара Вааль жуырда Конституциялық сот жариялаған түсіндірмеге сәйкес, Мемлекет басшысының Президент лауазымына қайта сайлануға құқығыңыз бар екенін, бұл жаналық қоғамды елең еткізгенін айта келе, Қасым-Жомарт Тоқаевтан «2029 жылғы Президент сайлауына түсуді жоспарлап отырсыз ба?» деп сұрады. Бұған қоса, «Президент сайлауы 2029 жылы өте ме, әлде кезектен тыс сайлау болуы мүмкін бе?» деген сауалын айтты.

(Жалғасы 2-бетте)

ДАРЫНДЫ ЖАСТАРДЫ
МАРАПАТТАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ақордада халықаралық пән олимпиадаларында жеңімпаз атанып, жүлделі орындарға ие болған оқушылармен және студенттермен кездесті.

Салтанатты іс-шараға 21 лауреат, сондай-ақ олардың ұстаздары мен тәлімгерлері шақырылды. Физика, химия, биология, математика, информатика, география және лингвистика пәндерінен беделді білім сайысында топ жарған жеңімпаздардың алтауы — алтын медаль, он бірі — күміс, төртеуі — қола медаль иегерлері.

Президент білім сайысында үздік нәтижеге қол жеткізген дарынды жастарды жарқын жеңісімен құттықтап, оларға шынайы ризашылығын білдірді.

— Әрқайсыңыз әлемнің ең зияткер оқушыларымен бәсекеге түсіп, беделді білім додаларында топ жардыңыздар. Көк Туымызды биікке көтеріп, еліміздің абырой-беделін арттыруға мол үлес қосып жүрсіздер. Біз сіздерді мақтан тұтамыз. Қазақстанның жарқын болашағы — ойы ұшқыр, білімді, дарынды жастардың қолында. Мен Мемлекет басшысы ретінде бәріңізге зор ризашылығымды білдіремін. Сіздер ел мақтанышы деген атқа лайықсыздар! — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев табанды еңбек, үздіксіз ізденумен жеңіп алған әрі медальдін бағасы қымбат, маңызы зор екенін атап өтті.

— Сағаттап оқу, айлар бойы дайындық жүргізу, жылдар бойы биік мақсатқа ұмтылу үшін, ең алдымен, қажырлы қайрат пен мықты күш-жігер керек. Ұлы Абай да «Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» деп өсиет айтты. Сіздер әрқайсыңыз көп ұзамай білікті инженер, көрнекті ғалым, мықты маман боласыздар. Жаңа технологияларды ойлап тауып, еліміздің өркендеуіне, әлемнің дамуына ықпал ететін жаңалық ашасыздар. Мен бұған кәміл сенемін, — деді Президент.



Мемлекет басшысының айтуынша, Қазақстан — нағыз дарынды жастардың елі. Ұл-қыздарымыз барлық бағытта, әсіресе білім саласында үздіктер қатарынан көрініп келеді.

— Биыл оқушыларымыз 44 халықаралық олимпиада мен ғылыми сайысқа қатысып, мыңнан астам медаль жеңіп алды. Оның 200-ден астамы — алтын медаль. Мұны тамаша жетістік деуге болады. Осы тұста халықаралық физика олимпиадасында керемет өнер көрсеткен оқушыларды ерекше атап өткім келеді. Беделді бәсекеге қатысқан бес талапкеріміздің бесеуі де алтын медаль алып, жеңімпаз атанды. Бұл — бұрын-соңды болмаған бірегей көрсеткіш. Жалпы, біз барлық бағыт бойынша осындай үздік нәтижеге ұмтылуымыз керек. Қазақстан жастарының әлеуеті оған толық жетеді, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент қазір еліміз тарихи өрлеу кезеңіне қадам басқанына назар аударды.

— Біз бір ел, бір халық болып ауқымды реформаларды жүзеге асырдық. Жаңа Конституциямызды қабылдадық. Еліміздің бас құжа-

тында ғылым мен білімге, инновацияға басымдық бердік. Ең бастысы, жаңа Конституция өскелең ұрпақтың игілігі үшін жазылды. Кеше ғана тарихымызда тұңғыш рет Құрылтай сайлауы өтті. Бұл сайлау сәтті, мініс ұйымдастырылды деп айтсақ, қате болмас. Осы мүмкіндікті пайдаланып, бүкіл халқымызға азаматтық кемелдік танытып, жанару стратегиямызды қолдағаны үшін мың да бір алғысымды айтамын. Сайлау кезінде бір топ байқаушылар, соның ішінде халықаралық байқаушылар өте тиімді жұмыс істеді. Оларға да зор ризашылығымды білдіремін. Сондай-ақ Орталық сайлау комиссиясының мүшелеріне рахметімді айтамын. Олар өте табанды қызмет атқарды, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Осы орайда Президент мемлекет тарапынан барша дарынды жастарға әрдайым қолдау көрсетілетінін, жастардың сапалы білім алып, жан-жақты дамуы үшін барынша жағдай жасалатынын жеткізді.

(Жалғасы 2-бетте)

25 ТАМЫЗ 2026 | СЕЙСЕНБІ

ҚҰРЫЛТАЙ САЙЛАУЫ – АУҚЫМДЫ ӨЗГЕРІСТЕРДІҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ

(Басы 1-бетте)

— Конституциялық сот осындай шешім қабылдады. Әлбетте, заң жүзінде менің қайта сайлануға құқығым бар. Бірақ алдағы уақытта сайлау өткізуге және оған қатысатыным немесе қатыспайтыным туралы сөз қозғауға әлі ерте. Біз еліміздің алдында тұрған ауқымды міндеттерді еңсеруіміз керек. Тұтас Қазақстанды үлкен құрылыс алаңына айналдырып, ең алдымен, азаматтарға арналған әлеуметтік нысандар салуымыз қажет. Бұл мақсатқа Ұлттық қордың қаржысын пайдалануға дайынмын. Халықтың игілігіне жарата алмасақ, қаражатты шетелдерде құнды қағаз ретінде ұстап отырудың қажеті қанша? Қаржыны жай ғана ұстап отыруға қарсымын. Қаражат халқымыздың, азаматтарымыздың игілігіне қызмет етуі керек. Әрине әлемдегі жағдайға баса назар аударуымыз, жан-жақты талдауымыз қажет. Өздеріңіз білесіздер, геосаяси ахуал күрделі. Бұралаң жолмен жүргенімізге қарамастан, ел ішінде бейбітшілікті сақтап, дамуға қарай бет алып келеміз. Экономикалық өсім анық байқалады. Мұны негізгі халықаралық қаржы институттарының бағасы да растады. Алдағы уақытта тағы жолығармыз. Бәлкім, келесі жылы... Сол кезде сізге нақты жауап беремін, — деді Президент.

Өз кезегінде «24kz» телеарнасының тілшісі Рауль Ғабитов Құрылтай іске кіріскеннен кейінгі өзгерістер жайлы айтуды сұрады. «Сіздің ойынызша, жаңа заң шығарушы орган бірінші кезекте қандай заңдарды қабылдайды? Құрылтай депутаты қандай қасиетке ие болуы керек? Оның сайлаушылар алдындағы жауапкершілігі қандай?», — деді журналист.

— Әлгінде ғана айтқанымдай, алғашқы бірпалаталы Парламент сайлауының тарихи мәні зор. Құрылтай сайлауына үлкен үміт артамын. Еліміздің дамуына тың серпін береді деп санаймын. Жаңа тұлғалар мен жаңа идеялар пайда болды. Жастардың ой-пікірін еркін жеткізудің, мемлекетіміздің қалыптасуына үлес қосуын әрдайым қолдаймын. Депутаттар, ең алдымен, заңның сапасына жауап береді деп сенемін. Екіншіден, олар берген уәделерін немесе бағдарламаларын орындауға тиіс. Үшіншіден, ел дамуына ықпал ететін заңдар қабылдануы керек. Қазір заман күрделі. Біздің Қазақстаннан басқа Отанымыз жоқ. Сондықтан туған елімізді озық, заманауи мемлекетке айналдыру жолында күш-жігерімізді біріктіру керек. Бұл ретте Конституция бізге мол мүмкіндік береді. Біртұтас ел болып қабылдаған Жаңа Конституциямыз өте озық, мазмұнды құжат деп айтсақ, қателеспейміз. Сондықтан Ата заң бізге, әсіресе жастарға жарқын жол нұсқайды. Келешегіміз — жастардың қолында. Оған күмән жоқ, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Атамекен Business телеарнасының тілшісі Саяна Санакова болса, заңға сәйкес, Құрылтай сайлауынан соң Үкімет жұмысын тоқтатуға тиіс екенін, Жаңа Үкіметтің бағыт-бағдары мен міндеттері қандай болатынын сұрап білді.

— Жалпы, Үкімет барынша табанды, жедел жұмыс атқарып, Мемлекет басшысы қойған міндеттерді орындап отыр. Дүниежүзіндегі бәсекелестік күшейіп келеді. Нарықтың сын-қатерлеріне мұқият назар аударып, ең бастысы, тиісті деңгейде төтеп беруіміз керек. Әлбетте, Үкімет отставкаға кетеді. Үкімет құрамында бірқатар өзгеріс болады. Ашығын айтқанда, дәл бүгін Үкімет жұмысына алаңдауға немесе оған сын айтуға қандай да бір негіз жоқ. Министрлер де, Үкімет жетекшісі де қолдан келгенше міндеттерін атқарып жатыр. Бірақ кадрлық өзгерістер әрдайым болады. Өйткені бұл Үкіметтің жұмысына қан жүгіртеді. Мәселе біреуді орнынан босатуда емес. Мен жай сылтаумен жұмыстан шығаруға қашанда қарсымын. Әсіресе қазіргі тілмен айтқанда, медиадағы контент



немесе мазмұн үшін ауыс-түйіс жасаудың қажеті жоқ. Кадрлық шешім шын мәнінде жұмысқа тың серпін беруі керек. Бәріміз айтып жүрген жаңғыру үдерісі үздіксіз жүргізілуге тиіс. Өйткені бұл күрделі процесті алға жетелеп отыру қажет. Бұл істе Үкімет маңызды рөл атқарады, — деп атап өтті Мемлекет басшысы.

Осыдан кейін «Еуразия бірінші» телеарнасының тілшісі Қырмызы Жандос Президенттен осы жолғы партиялар арасындағы саяси бәсеке-нің деңгейіне қандай баға беретінін сұрады.

— Мен бұл мәселеге оң баға берсем, қателеспеймін. Меніңше, саяси науқан жақсы өтті. Өте ұтымды, мазмұнды теледебаттар болды. Жастарымыз пікірталастарды зор ықыласпен тамашалады. Оған бәріміз де куә болдық. Бұл жаңғыруымыздың жаңа кезеңі әрі қарышты қадам болды деп айта аламын, — деді ел Президенті.

Jibek joly телеарнасының тілшісі Ділназ Ерланқызы Мемлекет басшысының жастарға сенім артып, ұдайы қолдау көрсетіп келе жатқанын, Құрылтай депутаттығына үміткерлер арасында түрлі салада жемісті еңбек етіп жүрген жастар барын айта келе, олардың Құрылтай жұмысына қандай серпін бере алатынын сұрады.

— Оны көре жатармыз. Біз жастарға сенім артамыз. Оларды кезінде түрлі лауазымға тағайындадық. Үкіметте жоғары қызмет атқарған жастардың бәрі өзіне жүктелген міндетті мүлтіксіз орындады деп айта алмаймын. Әрине түрлі кедергі мен себеп кезігіп жатады. Дегенмен жастарға сенім артып, жауапкершілік жүктеу керек. Онсыз болмайды. Қазақстан — демография тұрғысынан жас мемлекет. Сондықтан жастарға зор сенім артамыз. Олар да бұған дайын болуға тиіс. Ейтпесе, кезінде министр болып, Үкіметке келген соң жұмыстың берекесін кетіргендер де болды. Бұған жол бермеуіміз керек, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Өз кезегінде «Казахстанская правда» газетінің тілшісі Юлия Магер Мемлекет басшысының баяндамалардың бірінде азаматтардың жүріс-тұрысының жаңа мәдениеті мен жаңа қоғамдық этика қалыптастыру жөнінде айтқанын еске салды. «Сіздің бастаманыңызды бірқатар танымал азамат іліп әкетті. Көбінесе ұлттық тәлім-тәрбиеге сай ұстамды болып, адамды құрметтей білу қасиеттеріне арқа сүйеу қажет екені айтылып жүр. Өзгелерге құрмет, заң мен тәртіпті сақтау, өзінді сыйлау және жауапкершілік таныта білу азаматтарымыздың күнделікті дағдысына айнала ма?», — деп сұрады тілші.

— Білсеніз, бұл іске өзім бастамашы болдым. Науқан емес, нақты іске. Өйткені жастардың, егде адамдардың жүріс-тұрысына қарап, байырғы дәстүрлі құндылықтарымызға оралу қажет деген шешімге келдім. Ер адамдардың бір-бірін құшақтап, сүйіп амандасуы, сәлемдесу барысында әйелдердің еректерді, еркектердің әйелдерді бетінен сүюі дұрыс емес. Біздің салт-дәстүрімізде мұндай ешқашан болмаған. Әсіресе әскери форма кигендердің, генералдардың

осылай істегені көзге оғаш көрінеді. Бұл не маскара? Кеңес Одағы маршалының, Дүниежүзілік соғыста, Ұлы Отан соғысында жеңіске жеткен маршалдардың осындай қылық көрсеткенін елестете аласыздар ма? Еркектер қолының ұшын ұстата салмай, қолды қаттырақ қысып амандасуы керек. Сәл жымиса ғана жеткілікті. Әрқашан солай болған. Тіпті осы адамды көргеніңізге шын мәнінде қуанышты болсаңыз, оң қолыңызды кеуденізге қойып амандасыңыз. Өмірде мұндай жайт жиі кездеседі. Сондықтан мен жана жүріс-тұрыс әдебі туралы мәселе көтердім. Жалпы, бізге тазалық, тәртіп мәдениетін дәріптеу керек. Қолымыздан келмейді деп кім айтты?! Біз де жасыл желекті жақсы көреміз. Қазір Астанада, басқа қалаларда, аудандар мен облыстық маңызы бар шаһарларда оң өзгерістерге куә болып жүрісіздер. Біз өңір басшыларына жоғары талап қойдық. Осы іспен түпкілікті айналысамыз. Өйткені тазалық дегенді тура мағынасында ғана емес, ой-сананың, жан дүниенің тазалығы деп түсінген жөн. Белгілі тұлғалардың бірі айтқандай, ой тазалығы бой тазалығымен де ұштасқаны жөн. Яғни біз мәдениетті, таза ұлтқа айналуымыз керек. Сонда ғана күллі әлемге таныламыз, — деп атап өтті Президент.

Tengrinews ақпарат агенттігінің тілшісі Айсултан Құлшыманов Мемлекет басшысының Жасанды интеллекттің Қазақстанның жаңа экономикалық моделінің негізі деп атағанын, биыл Цифрландыру және жасанды интеллект жылы деп жарияланғанын сөз ете келе, «межелі міндеттер орындалып жатыр ма? Цифрландыру мен жасанды интеллекттің күнделікті өмірге әсеріне қандай баға бересіз?» деп сауалын айтты.

— Өте орынды сұрақ. Өйткені 2026 жыл Цифрландыру және жасанды интеллект жылы деп жарияланды. Жолдауда осы тақырыпты қозғаймын. Біз цифрлық мемлекет құрудың, яғни цифрлық қызметтер ұсына алатын мемлекет болудың алғашқы кезеңінен өттік. Өзге елдермен салыстырғанда өміріміз әлдеқайда жеңілдеді. Мұны өздеріңіз де көріп, байқап жүрісіздер. Қазір көп шаруаны үйден шықпай-ақ шеше аласыздар. Бұрын мұның бәрін реттеуге уақыт жұмсап, табан тоздыруға тура келетін. Сондықтан цифрлық сервис көрсететін мемлекет ретінде қалыптасу қажет болды. Қазір келесі кезеңге қадам бастық. Үкіметке алғашқы сатыда қалып қоймай, халықаралық келіссөздер жүргізу жөнінде тапсырма бердім. Цифрландыру мен жасанды интеллект халыққа, еліміздің барша азаматына қызмет етуі керек. Қарапайым тілмен айтқанда, смартфон — ермек үшін ұстап, ертеден кешке дейін TikTok-қа телміретін құрал емес. Смартфонмен ақша табуға болады. Мәселені осылай төтесінен қойған жөн. Әсіресе бұл шаруаларға керек. Олар ауыл-аймақтан шықпай-ақ кәсібин жүргізуге заманауи технологияны пайдалана алады. Алдағы уақытта Үкімет дәл осы міндетті орындайды, — деп түйіндеді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ҚҰТТЫҚТАУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Владимир Зеленскийді Украина Тәуелсіздігінің 35 жылдығымен құттықтап, украин халқына бейбітшілік пен құт-береке тіледі.



ШЕТ МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ БАСШЫЛАРЫНА АЛҒЫС АЙТТЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Тәуелсіз Қазақстан тарихындағы алғашқы бірпалаталы Құрылтай сайлауының сәтті өтуіне байланысты жылы лебіздерін жолдаған Ресей Президенті Владимир Путинге, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаровқа, Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиевке, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёевке, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмонға ризашылығын жеткізді.

Мемлекет басшысы бұл парламент сайлауы Қазақстан азаматтарының ынтымағын байқатып, халқымыздың, әсіресе өскелең ұрпақтың жарқын келешегі үшін жоғары деңгейде жауапкершілік танытқанын, нағыз отаншылдық үлгісін паш еткенін атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, Қазақстанның жан-жақты жаңғыруы, саяси және экономикалық реформалар үздіксіз жүргізілетін үрдіске айналды. Құрылтай сайлауының қорытындысы көрсеткендей, еліміздің бағыт-бағдарын азаматтардың басым бөлігі қолдайды. Бұл Әділетті, Озық, Таза Қазақстан құру жөніндегі жоспарды ойдағыдай орындауға сенімді кепіл болады.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев достас мемлекеттер басшыларының өз елдерін орнықты дамытуға бағытталған жобалары мен бағдарламаларын табысты жүзеге асыруына тілектестік білдірді.

Сондай-ақ Мемлекет басшысының атына ШЫҰ, ТМД, ҰКШҰ, ЕАЭК, ЭЫҰ, ТҮРКСОЙ және басқа да халықаралық ұйымдар жетекшілерінің құттықтаулары келіп түсті.

ЖЕҢІМПАЗДАРҒА ТІЛЕКТЕСТІК БІЛДІРДІ

Қасым-Жомарт Тоқаев Эквадордың Гуаякиль қаласында өтіп жатқан дзюдодан жастар арасындағы әлем чемпионатында Қазақстан құрамасын аралас командалық жарыстағы айтулы жеңісімен, ал Ғабит Расулханды, Фатима Сұпығалиеваны, Әділжан Жаудиновті жекелеген сында алтын медальға ие болуымен құттықтады.

Президент жас чемпиондардың спорттағы жолы жарқын болуына және жаңа биіктерді бағындыра беруіне тілектестік білдірді.

Қазақстандық дзюдошылар әлем біріншілігінде 4 алтын, 3 күміс және 4 қола — барлығы 11 медаль жеңіп алып, отандық дзюдо тарихындағы үздік нәтижеге қол жеткізді.

Бұның алдында Қасым-Жомарт Тоқаев Халықаралық дзюдо федерациясының президенті Мариус Визермен сөйлескен болатын. Ұйым жетекшісі Мемлекет басшысын балуандарымыздың әлемдік жастар турниріндегі бұрын-соңды болмаған бірегей жеңісімен құттықтады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның Туризм және спорт министрлігімен, сондай-ақ ұлттық федерациямен сындарлы ынтымақтастық орнатқаны үшін халықаралық ұйымның басшысына ризашылығын білдіріп, соның нәтижесінде елімізде дзюдо күресі кеңінен дамып келе жатқанына тоқталды.

ДАРЫНДЫ ЖАСТАРДЫ МАРАПАТТАДЫ

(Басы 1-бетте)

— Әлем тез өзгеріп жатқаны соншалық, таяу келешекте не боларын ешкім тап басып айта алмайды. Бірақ білімге құштарлық, өз күшіне сену, табанды еңбек кез келген уақытта табысқа жетелейтінін ұмытпауымыз керек. Келешек туралы бір нәрсені сеніммен айтуға болады — түбі адам капиталын дамытуға және жаңа технологияларды экономика мен қоғамның барлық саласына енгізуге баса мән берген елдер озады. Қазақстанның қарқынды дамуын қамтамасыз ету үшін биыл «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» деп жарияланды. Сіздер, талантты жастар осы жасампаз үдерістердің алдыңғы шебінде жүресіздер. Қазақстан жастары Сіздерге қарап бой түзейді, үлгі алады. Біз мен ғылым, инновация мен озық технология — бүгінгі дәуірдің басты қаруы. Жаһандық бәсекеде білімді, зияткер елдер ғана алға шығады. Сондықтан мен сіздерді «Қазіргі заманның нағыз батырлары» деп санаймын. Мен қазақ жастарының отаншыл, білімпаз, еңбеккор болғанын қалаймын. Олар елге жанашыр, табиғатқа қамқор, нағыз адал азамат болуын тілеймін. Атап айтқанда, еріктілердің еңбегін жоғары бағалаймын, қолдай-

мын. Мен жастарға сенемін! — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев өскелең ұрпақтың талантын шыңдап, білім берген ұстаздар қауымына алғыс айтты.

— Қазір біздің ортамызда саналы ұрпақ тәрбиелеп, оларды үздіктер қатарына қосқан ұлағатты ұстаздар отыр. Сіздердің ерен еңбектеріңіз зор құрметке лайық. Қабілетті балаларды оқытып, оларды халықаралық жарыстарға даярлайтын педагогтарға шынайы ризашылығымызды білдіремін. Бұл — ең ізгі іс. Сіздердің еңбектеріңізді мемлекет міндетті түрде ескереді. Үкімет пен өңір басшыларына осындай тапсырма беріледі, — деді Президент.

Мемлекет басшысы салтанатты рәсімде халықаралық пән олимпиадаларында алтын, күміс және қола медаль иеленген оқушылар мен студенттерге сәйкесінше 1500, 1000 және 500 айлық есептік көрсеткіш көлемінде қаржылай сыйақысы бар сертификаттарды табыстады.

Ал шәкірттері беделді халықаралық жарыста топ жарған ұстаздар мен тәлімгерлер жоғары мемлекеттік наградалармен марапатталды. Атап айтқанда, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлы-



ғымен білім беру саласындағы аса үздік жетістіктері еңбегі үшін Қазақстан Республикасына сіңірген айрықша әлеуеті үшін Астана қаласындағы Назарбаев зияткерлік мектебінің мұғалімі Мейрамгүл Кенжехановаға, Алматы қаласындағы №134 лицей мұғалімі Ирина Нестеренкоға — «Құрмет» ордені, Edlight Academy әдіскері Жанболат Жолгелдиевке, Қарағанды қаласындағы Назарбаев зияткерлік мектебінің мұғалімі Қарлығаш Жолдыбаеваға, Haileybury Almaty мектебінің мұғалімі Владимир Жукке, Өскемен қаласы

Білім-инновация лицейінің мұғалімі Айгүл Сейітәулетке — «Ерен еңбегі үшін» медалі, Қызылорда қаласындағы Білім-инновация лицей-интернатының мұғалімі Батыр Жарқынға, Талдықорған қаласындағы №24 лицей мұғалімі Меруерт Абаеваға, Павлодар қаласындағы Білім-инновация лицей-интернатының мұғалімі Олжас Әмзеевке, Алматы қаласындағы Республикалық физика-математика мектебінің мұғалімі Бакыт Мамышевке «Шапағат» медалі берілді.

БАҒДАР

25 ТАМЫЗ 2026 | СЕЙСЕНБІ



ПАРТИЯ ТӨРАҒАСЫ САЙЛАУШЫЛАРҒА ҮНДЕУ ЖАСАДЫ

«Әділет» партиясының төрағасы Айбек Дәдебай тарихи Құрылтай сайлауында дауыс беріп, азаматтардың сайлауға қатысуы және азаматтық жауапкершілік танытуы аса маңызды екенін атап өтті.

Биылғы сайлау науқаны 2026 жылы 15 наурызда Конституция қабылданғаннан кейін алғаш рет болды. Конституциялық реформаға сәйкес, Қазақстан Парламенттің екі палаталы құрылымынан бір палаталы заң шығарушы орган — Құрылтайға өтті.

Сонымен қатар «Әділет» партиясының төрағасы Айбек Дәдебай сайлау қорытындысы бойынша сайлаушыларға үндеу жасады. Ол сайлаушыларға білдірген сенімі мен қолдауы үшін алғыс айтты. Сондай-ақ партияның халық алдындағы жауапкершілігіне тоқталып, алдағы уақытта партия бағдарламасын жүзеге асыруға басымдық берілетінін жеткізді.

«Сайлауалды науқан кезінде еліміздің әр өңірін аралап, талай азаматпен жүздестік. Әр кездесуде халықтың мұн-мұқтажын, ойы мен ұсынысын өз аузынан естідік. Айтылған әр пікір біз үшін маңызды, олардың барлығы алдағы жұмысымызда ескеріледі. Бұл сайлау ашық, әділ әрі айқын өтті. Саяси партиялар арасында шынайы бәсекелестік болды. Сіздердің сенімдеріңіз біз үшін үлкен жауапкершілік. Біз халықтың үмітін ақтау үшін аянбай еңбек етеміз. Бізге сеніп, «Әділет» партиясын қолдаған әр азаматқа шын жүректен алғыс айтамыз!», — деді Айбек Дәдебай.

ҚҰРЫЛТАЙ САЙЛАУЫНЫҢ АЛДЫН АЛА НӘТИЖЕЛЕРІ ЖАРИЯ БОЛДЫ

Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Нұрлан Әбдіров 23 тамызда өткен Құрылтай депутаттары сайлауының нақтыланған алдын ала нәтижелерін жария етті.

Дауыс жинау көрсеткіші бойынша елдегі жетекші «Әділет» партиясы көш бастады. Саяси ұйымды 6 528 948 адам, яғни, дауыс берушілердің 71,17 пайызы қолдаған. Келесі орындарға «Ауыл» партиясы (574 621 адам немесе 6,26 пайыз); Respublica партиясы (509 631 адам немесе 5,56 пайыз), «Ақжол» партиясы (478 083 адам немесе 5,21 пайыз); ЖСДП (469 058 адам немесе 5,11 пайыз) жайғасты. Ал ҚХП (285 395 адам немесе 3,11 пайыз) мен «Байтақ» партиясы (97 751 адам немесе 1,07 пайыз) мекелеген 5 пайыздық көрсеткішке жете алмаған. 230 446 адам немесе сайлаушылардың 2,51 пайызы бәріне қарсы болды.

— Астананың, облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың сайлау комиссияларынан келіп түскен жедел деректердің негізінде Орталық сайлау комиссиясының 2026 жылғы 23 тамызда өткен Құрылтай депутаттарын сайлаудың алдын ала нәтижелерін жариялау мүмкіндігі бар. Кеше күні бойы өзекті онлайн режимде өңірлердің жедел деректері негізінде Орталық сайлау комиссиясы азаматтардың



қоса, аумақтық сайлау комиссиялары дауыс беру нәтижелері туралы хаттамалардың электрондық көшірмелерін ұсынды.

Нұрлан Әбдіровтің мәліметінше, сайлаушылардың нақтыланған тізімдеріне сәйкес, Қазақстан Республикасы сайлаушыларының жалпы саны 12 623 289 адамды құрады.

— Оның ішінде цифрлық үкімет порталы мен азаматтарды тіркелген жері туралы мәліметтерді тексеру және дауыс беру учаскелерінің мекенжайлары бойынша азаматтарды тіркеу онлайн сервистері арқылы 9 865 адам



сайлауда дауыс беруге қатысу барысы туралы жұртшылықты БАҚ арқылы тұрақты хабардар етіп отырды. 7 брифинг өткізілді. Барлық ақпарат мүмкіндігінше тез ұсынылды, — деді ол. Комиссия төрағасының айтуынша, 24 тамызда сағат 10:30-ға дейін еліміздің барлық өңіріндегі және шетелдегі 10 423 сайлау учаскесіндегі дауыстарды санау аяқталған. Бұған

енгізілді. Сайлауға 9 351 539 адам немесе тізімге енгізілген азаматтардың 74,08 пайызы қатысты, — деді ол.

Құрылтай сайлауының қорытындылары сайлау өткізілген күннен бастап 10 күннен кешіктірілмейтін мерзімде белгіленеді.

— Дауыс беру күні сайлау біріншілік байқауды 51 мыңнан астам ұлттық байқаушы жүзеге

асырды. Оның ішінде кандидаттардың, саяси партиялардың 7 300 сенім білдірген адамдары, саяси партиялардан 24 879 байқаушысы, 182 аккредиттелген қоғамдық бірлестіктерден 26 887 байқаушысы, шет мемлекеттердің, халықаралық ұйымдардың 777 байқаушысы қатысты. Сайлау учаскелерінде шетелдік және отандық бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері де қатысып, сайлау барысын жария етіп отырды. Оның ішінде казакстандық бұқаралық ақпарат құралдарының — 1 852 өкілі, шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарынан 117 аккредиттелген журналист бар, — деді комиссия төрағасы.

Осы ретте ол ұлттық және халықаралық байқаушыларға, қоғамдық бірлестіктер мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне сайлау процесінің ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз етуге жәрдемдескені үшін алғысын білдірді.

— Сайлау процесінің барлық кезеңінде ашықтық пен жариялылықты қамтамасыз етуге, азаматтардың сайлау құқықтарын толық жүзеге асыруына қажетті жағдай жасауға баса мән берілді. Сайлау туралы конституциялық заңның нормаларына сәйкес Құрылтай сайлауының қорытындылары Орталық сайлау комиссиясының отырысында сайлау өткізілген күннен бастап 10 күннен кешіктірілмейтін мерзімде белгіленеді және бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады. Отырысты өткізу күні мен уақыты қосымша хабарланатын болады, — деді ол.

Алдағы кезеңде Орталық сайлау комиссиясы заңнамада белгіленген тәртіппен сайлаудың қорытындыларын белгілеу және сайланған депутаттарды тіркеу бойынша тиісті жұмыстарды жалғастырады.

М.ЖАЛҒАСҰЛЫ

СӘЛЕМІ ДҰРЫСТЫҢ ӘДЕБІ ДҰРЫС

Амандасу бір қарағанда қарапайым рәсім сияқты. Адам кездеседі, сәлем беріседі, хал сұрасады. Бірақ дәстүрлі қоғамда аман-дасудың мәні жәі ғана жалаң қимылмен шектелмеген. Оның өн бойында адамның жасы, жынысы, туыстық дәрежесі, әлеуметтік мәртебесі, өзара қарым-қатынасы, тіпті халықтың ұят, ізет, сый-пайылық, сыйластық туралы түсінігі тоғысып жатқан. Сондықтан Президенттің жүріс-тұрыс әдебі жайлы айтқан сөзінде терең тарихи негіз бар.

Еркебұлан НҮРЕКЕШ

Қасым-Жомарт Тоқаев 23 тамызда өткен Құрылтай сайлауында дауыс берген соң бірқатар сауалға жауап берді. Журналистермен сұхбаттасып, Мемлекет басшысы дәстүрлі құндылықтарды қайта жаңғырту қажет екенін алға тартып, сәлемдеудің де өз әдебі бар екенін айтты.

— Жастардың да, аға буын өкілдерінің де сәлемдесу мәдениетін бақылап жүрмін. Ерлердің бір-бірін құшақтап, сүйіп амандасуы, әйелдердің еркектерді, еркектердің әйелдерді бетінен сүйіп амандасуы дұрыс емес. Салт-санамызда ондай ешқашан болмаған! — деді Мемлекет басшысы.

Рас, қоғамдық орындарда сәлемдесу қол алысып қоймай, құйрық-бауыр асасқан құдаларша құшақтасып, төркіндеп келген келіншектерше сүйісіп амандасқанын көп байқаймыз. Байқаймыз да, басымызды шайқаймыз. Кейінгі кезде жаппай үрдіске ұласқан біртүрлі көрініс, шыны керек, оғаштау көрінеді. Өйткені Президенттің жаңағы пікірін ғылыми-этнографиялық деректер де толық растайды. Осы тұста саяси мәлімдеме мен тарихи мәліметтің аражігін ажыратқан абзал. Қасым-Жомарт Тоқаевтың «ерлердің құшақтасып, бір-бірін беттен сүйіп амандасуы қазақ дәстүріне жат» дегені жалпы шындыққа жанасады. Дегенмен бұдан «қазақ мүлде құшақтаспаған» деп тұжырым түйсек, бірбеткей сына-резулікке салынар едік. Қазақ мәдениетінде құшақтасу, төс түйістіру, көрісу болған, әйтсе де әрқайсының өз орны бар еді.

Халқымызда амандасу рәсімі әлеуметтік субординацияны, жас айырмасын, жыныстық шекараны, туыстық қатынасты, ішкі моральдық-этикалық нормаларды реттейтін

жоралғы рөлін атқарған. Ишарат та тіл секілді сөйлейтін. Қазіргі әлеуметтанушылар адамдар арасындағы дистанцияның мәдени мәнін «проксемика» ұғымы арқылы зерттейді. Қазақтың дәстүрлі ортасында осы проксемикалық тәртіп айқын белгіленген: ер мен әйелдің, үлкен мен кішінің, жасын мен бөтеннің арасы бірдей болмаған. Кіммен құшақтасу керек, кімге бас ию керек, кіммен қол алысып амандасу керек, кімге мүлде жанаспау керек — мұның бәрі жазылмаған заң тәртізді қатаң сақталатын.

XIX ғасырда қазақ даласын аралаған орыс тарихшысы, этнограф, шығыстанушы А.Левшин 1832 жылы жарық көрген «Описание киргиз-казацких, или киргиз-кайсацких орд и степей» атты еңбегінде: «Қазақ жолда абыройлы не бай кісіні жолықтырса, атынан түсіп, оның қолын қос қолдап қысады. Ал ханға кезіккенде жол жиегінде тоқтап, ол өтіп кеткенше күтуге тиіс: өтіп бара жатқанда басын иіп, оң қолын кеудесіне басады да, дауыстап сәлем береді. Мәртебесі төмен қарапайым жан ханға немесе ықпалды сұлтанға қолын кеудесіне қойып, тағзым етпейінше такай алмайды. Тең дәрежелі, бірақ етене араласпайтын жандар тек қол алысады. Жақын достар бір-бірін құшаққа басады», — деп жазыпты.

Дала тұрмысынан тұшымды жазбалар қалдырған В.Радлов та 1884 жылғы «Из Сибири» кітабында қазақтың амандасу мәдениетін егжей-тегжейлі сипаттаған: «Үйге кірген адам «Аман ба?» немесе «Аман-есен отырсыз ба?» деп сәлемдеседі. Үй иесі «Аман» немесе «Құдайға шүкір» деп жауап қайтарады. Жасы кіші адам үлкенге екі қолын бірдей созады, ал үлкен кісі оған деген сыйластығы мен жақындығына қарай бір қолын немесе екі қолын ұсы-



нады», — дейді ғалым. Демек, қос қолдап сәлемдесу ертеде кішіпейілдік нышаны саналған. Жасы үлкеннің сәлемді қабылдауы оның ізет-ілтипатына байланысты. Амандасқанда сыйластық та, сыйпайлық та, жас ерекшелігі де ескерілген. Ал Президент айтқандай «қолдың ұшын ұстата салу» көргенсіздікке балаңған.

В.Радлов қазақтардың бейберекет құшақтаса бермегенін айырықша атап өтеді. «Көптен көріспеген немесе бауыр басқан достар құшақтасып, төс түйістіріп қауышады. Осылайша, бір-біріне деген ыстық ықыласын білдіреді. Жалпы, қазақтардың сезімін сыртқа шығаруында ұстамдылық пен байсалдылық басым. Қуанышы қанша тасып тұрса да, қайғысы қанша басып тұрса, олар ұлап-шуламайды, орынсыз ұшқалақтанбайды», — деп куәлік етеді зерттеуші. Яғни қазақтың ерлері ара-тұра сағынысып құшақ айқастырса да, қазіргейдей көрген сәйкестік өміріне келгеніне.

Академик Әлпей Марғұлан төс түйістіру тәртібін көшпелілердің байырғы әскери-ғұрыптық дәстүрінен іздеген. Бұл әрекеттің астарында «жүрегіміз де, тілегіміз де бір» деген түсінік жасырылған. Ру-тайпалар арасындағы дау бітіп, бітім жасалғанда да би-батырлардың төс қағыстыруы «араздық аяқталды» дегенді аңғартқан.

Біз осындай ритуалдық рәсімдерді күнделікті амандасуға айналдырып, тым арзандатып жіберіппіз.

Тақырыптың тағы бір қабатын көркем әдебиет ашады. «Абай жолы» романының алғашқы беттерінде оқудан оралған жас Абайдың әкесіне және ел ағаларына амандасуы қолмен қойғандай нақты суреттелген: «Байтақ пен Жұмабай такай бергенде Абай да қасына кеп қалып еді. Үшеуі бірдей жамырай сәлем берді. Құнанбай тез бұрылып сәлемдерін алды да, қысқа ғана амандық сұрады. Тұрған орнынан қозғалған жоқ. Баласын қасына да шақырмады». Міне, бары осы-ақ. Елжіреу де, емірену де жоқ. Әрине, артында Абайды шешелері кезек-кезек сүйіп, «бетінен сүйер жер қалдырмайды». Бірақ ол көріністің ересектерге қатысы шамалы.

Баршаға мәлім, 1960-1980 жылдары, әсіресе Брежнев заманында партиялық номенклатура қатарында үш рет беттен өбісіп амандасу, «социалистік бауырластық сүйіс» немесе «трижды по-брежневски» делінетін протокол кең тараған. Келенсіз құбылыс одақтас республикалардың, соның ішінде Казак КСР-інің партиялық-мемлекеттік аппаратына жұқты. Алайда бүгінгі жастардың бет жанастыруын тікелей Брежневке тіресе, жаңсақтыққа ұрынамыз.

Бұған Кавказ және Таяу Шығыс мәдениеттері де ықпал етуі ықтимал. Грузиндерде, армяндарда, шешендерде, дағыстандықтарда, кейбір Таяу Шығыс халықтарында ерлердің құшақтасып, бетке бет тигізуі ежелден қалыптасқан. Кенестік кезеңдегі аралас әлеуметтік орта, кейінгі спорт жарыстары т.б. байланыстардың қазақ жастарына әсері болуы әбден мүмкін.

Президент өз сөзінде күштік құрылым өкілдерінің шамадан тыс еркін амандасуына назар аударып: «Әсіресе әскери форма кигендердің, генералдардың осылай істегені ерсі көрінеді. Бұл не маскара? Кеңес Одағы маршалының, Дүниежүзілік соғыста, Ұлы Отан соғысында жеңіске жеткен маршалдардың бұлай істегенін елестете аласыздар ма?» — деп түйреді. Түйрейтін жөні де жоқ емес. Мемлекеттік қызмет істері агенттігі бекіткен Әлеп кодексі бойынша қарапайымдық, ұстамдылық, дәстүрге құрметті, іскерлік әлеп стандарттары мүлтіксіз сақталуға тиіс. Қарулы Күштердің жарғысында әскери субординация, офицерлік намыс және әскери сәлемдесу тәртібі арнайы регламенттеледі. Сол себепті генералдың яки офицердің жөннен кетіп, жосықтан асуына жол беруге болмайды.

Әлемде мұндай мәдени жаңғыру мысалдары баршылық. Мұстафа Кемал Ататүрік Түркия Республикасының құру барысында күнделікті киімінен бастап қоғамдық жүріс-тұрыс, ресми этикаға дейін көптеген реформа жүргізді. Сингапур көсемі Ли Куан Ю да азаматтардың қоғамдық орындардағы мінез-құлқына, тазалыққа, тәртіпке және ортақ ережені құрметтеуге қатты көңіл бөлді.

Айтпақшы, Мемлекет басшысының өз ұсынысы да ұтымды: «Еркектер қолының ұшын ұстата салмай, қолды қаттырақ қысып амандасуы керек. Сәл жымиса ғана жеткілікті. Әрқашан солай болған. Тіпті осы адамды көргеніңізге шын мәнінде қуанышты болсаңыз, оң қолыңызды кеуденізге қойып амандасыңыз», — деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Иә, кісіге құрмет міндетті түрде жаныңдасып, жабысумен өлшенбейді. Әлептің ең әлемісі арақашықтық сақтап, біреудің жеке шекарасын бұзбау десек, бізбен ешкім дауласпайтын шығар.

25 ТАМЫЗ 2026 | СЕЙСЕНБІ

САЯСИ ДАМУДАҒЫ СЕРПІНДІ СӘТ

Астанада «Сайлау-2026: қорытынды және жаңа саяси белес» атты сараптамалық платформаның отырысы өтті. Платформа бірінші Құрылтай сайлауының нәтижелеріне және Қазақстанның саяси жүйесінің одан әрі институционалдық трансформациясына бағытталған. Платформаны ҚР Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты ұйымдастырды.

Талқылауға қазақстандық және халықаралық саясаттанушылар, сайлау процестерінің сарапшылары, зерттеу орталықтарының өкілдері, қоғамдық бақылаушылар және саяси байланыс бойынша мамандар қатысты.

Платформаға қатысушылар 23 тамыздағы сайлау жаңа Конституция күшіне енгеннен бергі алғашқы бүкілхалықтық дауыс беру және конституциялық реформаны іс жүзінде жүзеге асырудағы шешуші кезең болғанын атап өтті. Қазақстан азаматтары алғаш рет бірінғай жалпыұлттық сайлау округі шеңберінде партиялық тізімдерге негізделген жаңа бір палаталы Құрылтайды тікелей сайлады.

Сарапшылық платформаның жұмысы екі тақырыптық сессияға бөлінді. Бірінші сессияға қатысушылар «Саяси реформалар мен сайлау: сарапшылар бағасы» атты қоғамдық және халықаралық бақылау нәтижелерін, сайлау белсенділігінің динамикасын, науканның ерекшеліктерін және оның елдің одан әрі саяси жаңғыруы үшін маңыздылығын талқылады.

ҚР Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институтының директоры Жандос Шаймарданов жақында өткен сайлауды конституциялық реформаны жүзеге асыру және Қазақстанның жаңа саяси және институционалдық модельге көшуінің кеңірек контекстінде қарастыру керектігін атап өтті. Жандос Шаймардановтың айтуынша, Жоғары сайлау белсенділігі қазақстандық қоғамның Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың саяси бағытын қолдауының жоғары деңгейін көрсетеді.

«Сайлаушылардың төрттен үш бөлігі жаңасын қалыптастыруға қатысты. Енді бұл сайлау таңдауы жаңа Құрылтайдың жұмысына, саяси партиялардың күнделікті қызметіне заңнамалық басымдықтар мен рансификацияланатынын түсіну маңызды», — деп атап өтті Жандос Шаймарданов.

«Дауыс» қоғамдық бақылаушылар коалициясының төрағасы Төлеген Құнәліов өткен сайлауға қоғамдық байқау тұрғысынан баға берді. Ол ел өңірлеріндегі сайлау процесі мониторингінің негізгі нәтижелері, сайлаушылардың белсенділігі және дауыс беруді ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы айтып берді. Сарапшы белгіленген сайлау рәсімдері мен стандарттарын сақтауға,



сондай-ақ сайлаудың ашықтығы мен әділдігін қамтамасыз ету құралы ретінде қоғамдық бақылаудың рөлін арттыруға ерекше назар аударды.

Италияның Азия істері жөніндегі институтының Бас хатшысы Доменико Палмиери сайлауға халықаралық баға берді. Бұл оның 2022 және 2023 жылдардағы науқандардан кейінгі Қазақстандағы сайлауды үшінші рет бақылауы. Ол сайлаушылардың жоғары қатысу деңгейін ағымдағы науканның негізгі көрсеткіштерінің бірі ретінде бағалады.

«70%-дан астам қатысу көрсеткіші азаматтардың сайлауға қатысуының жоғары деңгейін және өкілдік институттарды қалыптастыруға қоғамның қызығушылығын көрсетеді. Салыстырмалы тұрғыдан алғанда, бұл көрсеткіш ерекше қызықты: көптеген еуропалық елде азаматтардың сайлау процестеріне қатысуының төмендеу үрдісі байқалады. Осыған байланысты Қазақстан сайлаушылар арасында саяси жұмылдырудың жоғары деңгейін көрсетеді», — деп атап өтті Д.Палмиери.

Азаматтардың жоғары сайлау белсенділігіне ерекше назар аударылды. Нархоз университетінің профессоры Андрей Казанцев 74%-дан асқан келушілерге түсініктеме бере отырып, оны саяси процестерге деген қоғамдық қызығушылық және азаматтардың елде болып жатқан өзгерістерге қатынасы тұрғысынан қарастырды. Оның бағалауы бойынша, қазіргі сайлауды бір институционалдық тәртіптен екіншісіне кеңірек ауысудың бөлігі ретінде талдау қажет.

«Біз Парламент құрамының өзгеруін ғана емес, бір институционалдық тәртіптен екіншісіне ауысуды байқап отырмыз. Жаңа конституциялық модель саяси партиялардың қоғам мен мемлекет арасындағы негізгі делдал ретіндегі рөлін күшейтеді. Енді партиялар бағдарламалардың мазмұны деңгейінде



70%-дан астам қатысу көрсеткіші азаматтардың сайлауға қатысуының жоғары деңгейін және өкілдік институттарды қалыптастыруға қоғамның қызығушылығын көрсетеді. Салыстырмалы тұрғыдан алғанда, бұл көрсеткіш ерекше қызықты: көптеген еуропалық елде азаматтардың сайлау процестеріне қатысуының төмендеу үрдісі байқалады.

бәсекелесіп, елді дамытудың баламалы тәсілдерін ұсынып, нақты қоғамдық мүдделерді білдіруі тиіс», — деп атап өтті А.Казанцев.

Халсон институтының аға ғылыми қызметкері Кен Мориясу өткен сайлауды әлемнің жетекші державалары арасындағы бәсекелестік пен қайшылықтардың күшеюімен және Орталық Азияның стратегиялық маңыздылығының артуымен сипатталатын кеңірек геосаяси контексте қарастырды. Оның бағалауы бойынша, халықаралық жүйенің трансформациясы жағдайында мемлекеттің ішкі саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету және сонымен бірге теңдестірілген сыртқы саяси бағытты жүргізу қабілеті ерекше маңызға ие.

Бірінші сессияны аяқтай отырып, the Geneva Times бас редакторы, Халықаралық қатынастар және адам құқықтары саласындағы сарапшы Муиз Вахабдин өткен сайлауды Қазақстанның одан әрі институционалдық дамуы тұрғысынан қарастырды. Оның пікірінше, демократиялық процесс тікелей дауыс беру күнімен шектелмейді: оның тұрақтылығы қоғамдық сенім деңгейімен, саяси өкілдік институттарының тиімділігімен және азаматтар мен мемлекет арасындағы сындарлы диалогтың тұрақты тетіктерінің болуымен анықталады.

Бірінші сессияның қорытындысы бойынша сарапшылар сайлау Қазақ-

станның институционалдық трансформациясының маңызды кезеңі болғанын атап өтті.

«Сайлау науканы: алғашқы қорытындылары мен жаңа белестер» атты екінші сессия дауыс беру нәтижелеріне, азаматтардың сайлаудағы таңдауына, саяси партиялардың стратегияларына және жаңа Құрылтайдың алдында тұрған міндеттерге арналды. Сессияның модераторы саясаттанушы, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің проректоры-басқарма мүшесі Индира Рыстина болды.

Саясаттанушы, AmalBooks баспасының негізін қалаушы Бақытжан Бұқарбай қазіргі науқан биліктің жауапкершілігін, қоғамдық қатысуды және азаматтардың саяси субъективтілігін күшейтуге негізделген конституциялық жаңарудан мемлекеттің жаңа архитектурасын іс жүзінде іске асыруға көшуді белгілейтінін атап өтті.

«Бір палаталы Құрылтай, оны қалыптастырудың жаңа жүйесі, вице-президент институты мен Қазақстан Халық Кеңесі өкілеттіктерді нақты бөлуге және өзара бақылауға негізделген неғұрлым теңдестірілген билік архитектурасын жасайды», — деп атап өтті Б.Бұқарбай.

«Альтернатива» өзекті зерттеулер орталығының директоры Андрей Чеботарев жаңа Құрылтайдың негізгі заңнамалық басымдықтарын атап өтті. Ол жүйелік

міндеттердің бірі ұлттық заңнаманы жаңа Конституцияның ережелері мен стандарттарына сәйкестендіру болатынын бағалады.

Философия, саясаттану және дінтану институтының бас директоры Айгүл Сәдуақасова сайлауды таңдау логикасын талдап, науқан кезіндегі партия рейтингтерінің динамикасын алдын ала дауыс беру нәтижелерімен салыстырды. Ол қазіргі науқан түбегейлі жаңа саяси жағдайларда өткенін және бірнеше әлеуметтанулық зерттеу толқындарымен қатар жүріп жатқанын атап өтті.

Қазақстан қоғамдық даму институтының басқарма төрайымы Жұлдызай Ысқакова сайлау нәтижелерін пропорционалды жүйеге көшу және партияларды одан әрі институционалдандыру тұрғысынан талқылады.

«Пропорционалды жүйеге көшу саяси партияларды қоғамдық мүдделерді білдіретін негізгі институттар ретінде одан әрі нығайтуға алғышарттар жасайды. Жаңа модель партиялардың өздеріне — партиялық тізімдерінің сапасына, басшылық құрамының жаңартылуына және кандидаттардың кәсібилігіне жоғары талаптар қояды. Түптеп келгенде, пропорционалды жүйенің тиімділігі жаңа Құрылтайдағы өкілдіктің сапасы мен кәсібилігімен анықталады», — деп атап өтті Ж.Ысқакова.

Талқылаудың жеке бөлімі сайлаудың ақпараттық өлшеміне арналды. Талдау және мониторинг орталығының директоры Михаил Комиссаров сайлау науканың ақпараттық қамтамасыз етудің негізгі қағидаттарының бірі саяси партиялардың БАҚ-қа тең қолжетімділігін қамтамасыз ету екенін атап өтті. Сарапшы партиялардың БАҚ-тағы өкілдігінің тең жағдайлары халықаралық бақылаушылар тарапынан тиісті түрде бағаланатынына үміт білдірді.

ҚР Президенті жанындағы Дезинформацияға қарсы күрес орталығының басшысы Руслан Бекарсланов сайлау науканы кезінде таратылған жалған және манипуляциялық мазмұнға талдау жасалды. Ол ақпараттық кеңістікті жүйелі түрде бақылау үшін дезинформация дерекқоры құрылғанын, бұл жалған ақпарат таратудың негізгі түрлері мен тетіктерін анықтауға мүмкіндік беретінін мәлімдеді.

«Ақпараттық кеңістікте Deepfake файлдары пайда болды, бірақ сонымен бірге азаматтар арасында цифрлық және медиа сауаттылықтың артуын байқап отырмыз. Пайдаланушылар манипуляциялық мазмұнның белгілерін барған сайын байқап, таратылып жатқан ақпаратты сыни тұрғыдан бағалап жатыр», — деп атап өтті Р.Бекарсланов.

Сараптамалық талқылаудан кейін қатысушылар алғашқы Құрылтай сайлауы жаңа заң шығарушы органды қалыптастыру тетігі ғана емес, сонымен қатар жаңа конституциялық модельді іс жүзінде жүзеге асырудың маңызды кезеңі болғанын атап өтті. Науқан партиялық бәсекелестіктің, қоғамдық бақылаудың, саяси коммуникацияның және сайлаушылардың қатысуының жаңа форматтарын көрсетті.

Мадияр ТӨЛЕУ

ӘДІЛДІК ПЕН АШЫҚТЫҚ САҚТАЛДЫ



Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының байқаушылар миссиясы 23 тамызда өткен Құрылтай депутаттарының сайлауын бақылау қорытындысын шығарды.

Қорытынды нәтижені Орталық сайлау комиссиясында өткен брифингте ТМД миссиясының басшысы Игорь Петришенко жария етті. Оның айтуынша, дауыс беру жоғары ұйымдастырушылық деңгейде әрі елдің сайлау заңнамасына сәйкес өтті. Миссия Қазақстан Сыртқы істер министрлігінің шақыруымен сайлауды дайындау және өткізу барысын 3 тамыздан бастап бақылады. Миссия

құрамына 190 байқаушы кірді. Олар республика заңнамасы мен ашықтық, бейтараптық және араласпау қағидаттарын басшылыққа алып, еркін әрі тәуелсіз жұмыс істеді.

— Қазақстан Республикасының сайлау заңнамасы жалпыға танылған қағидаттар мен халықаралық құқықтың қолданылатын нормаларына сәйкес келеді және сайлауды еркін әрі демократиялық түрде өткізуге жеткілікті

құқықтық негіз саналады, — деді Игорь Петришенко.

Дауыс беру күні миссия өкілдері 900-ден астам сайлау учаскесіне барған. Сондай-ақ шетелдегі сайлау учаскелеріндегі сайлау барысын бақылады. Байқаушылардың мәліметінше, барлық учаске уақытылы ашылып, дауыс беру ұйымдасқан, тыныш әрі қолайлы жағдайда өтті.

— Дауыстарды санау рәсімі конституциялық заңға сәйкес жүргізілді. Байқаушылар айтқан жекелеген ескертулер техникалық сипатта болды және оларды учаскелік комиссиялар жедел түрде жойды. Сайлау нәтижесіне әсер етуі мүмкін заң бұзушылықтар анықталған жоқ, — деп атап өтті ол.

Бақылау қорытындысында ТМД миссиясы Құрылтай депутаттарының сайлауы Қазақстан заңнамасына толық сәйкес өткізілді деген ортақ ұйғарымға келді.

— Қазақстан Республикасы Құрылтайы депутаттарының 2026 жылғы 23 тамыздағы сайлауы жоғары ұйымдастырушылық деңгейде өтіп, әділ, бәсекелі және ашық болды. Ол Қазақстан азаматтарының өз еркін білдіру құқығын жүзеге асыруын қамтамасыз етті, — делінген миссия мәлімдемесінде.

ТҮРКІ ӘЛЕМІНДЕГІ ТАРИХИ ҚАДАМ

Түркияның «Әділет және даму» партиясы төрағасының орынбасары Күршад Зорлу Қазақстанда өткен Құрылтай сайлауының түркі әлемі үшін маңызды екенін атап өтті. Ол әлеуметтік желілер арқылы қазақ халқын құттықтады.

«Қазақстанда өткен Парламент сайлауы бауырлас қазақ халқы мен барша Түркі әлемі үшін құтты болсын!

Алдын ала ресми емес қорытындылар бойынша сайлауда көш бастаған «Әділет» партиясын, сондай-ақ сайлау шегінен өтіп, Құрылтайда өкілдік ету құқығына ие болған «Ауыл» партиясын, Respublika партиясын, «Ақ жол» демократиялық партиясын және Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясын (ЖСДП) шын жүректен құттықтаймын.

Осы сайлау нәтижесінде қалыптасатын жаңа кезеңнің Түркі әлемі үшін маңызы зор. Өйткені ғасырлардан кейін алғаш рет бабаларымыздан мирас болып қалған «Құрылтай» атауымен Қазақстанның заң шығарушы органы өз жұмысын бастамақ.

Сонымен қатар Қазақстанның бір палаталы парламенттік жүйеге көшуі және Қазақстан мен Түркияның парламентаралық байланыстары мен өзара іс-қимылының бұдан да үйлесімді әрі тиімді сипатқа ие болуы қуантады.

Құрылтай — түркі мемлекеттерінің саяси дәстүрінде әділеттің, кеңес пен



өзара ақылдасудың, сондай-ақ халық еркінің ең айқын көріністерінің бірі.

Бұл тарихи қадам Қазақстанның демократиялық даму үдерісіне және Түркі әлемінің ықпалдастығына жаңа серпін берді деп сенемін», — деп жазды Күршад Зорлу.

А.СҰЛТАН

РЕФОРМА

25 ТАМЫЗ 2026 | СЕЙСЕНБІ

ТАРИХ пен ЖАҢҒЫРУ ТОҒЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН

Әрбір дәуір қоғамның өзіне тән жаңа келбеті мен жаңа өрісін қалыптастырады. Замана көші алға жылжыған сайын мемлекет пен азамат арасындағы қарым-қатынас тетіктері мен қалыптары да өзгеріп, институционалдық тұрғыдан жаңа сатыға көтеріледі. Бүгінде Қазақстан қоғамы тарихи эволюцияның жаңа белесіне қадам басып, мемлекеттік басқару мен қоғамдық институттардың өзара іс-қимылының жаңа үлгілерін жасақтау үстінде. Жаңа конституциялық реформа аясында мемлекеттік монополия бәсеңсіп, қоғамдық бақылау институттарының салмағы артты. Бұлар азаматтардың мемлекетті басқару ісіне тікелей араласуына кең жол ашып, әлеуметтік әділдіктің тетігіне айналмақ.

А Айхан ШӘРІП

ҚОҒАМДЫҚ ИНСТИТУТТАРДЫҢ ЖАҢА ТҮРЛЕРІ

Тарихқа көз жүгіртсек, бабаларымыз шешім қабылдарда тек ханның не бидің сөзіне иек артпай, халықтың ортақ мүддесін ілгері оздыратын «Құрылтай» мен «Ақсақалдар кеңесі» сияқты институттардың күшіне арқа сүйеген. Халықтың биік рухы мен биліктің асқан әділдігі әдемі үйлесім тауып, өткеннің асыл мұрасын бүгінгі заманның озық талаптарымен ұштастыра білген елдің болашағы ғана баянды болмақ.

Осы орайда күні кеше абыроймен өткен Құрылтай сайлауы да Қазақстанның жаңғыруының нышаны саналады. Елдің Ата заңының аясында дүниеге келген Құрылтай мен Қазақстан Халық Кеңесі институттары — мемлекет пен қоғам арасындағы се-

Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Ұлттық құрылтайдың орнына құрылған «Қазақстан Халық Кеңесі» іске белсене кіріспек. Қоғамдық институттың бұл жана түрі халқымыздың бірлігі мен келісімінің темірқазығы болады деп күтіледі.

Оның құрамына әр саланың өкілдері, этномәдени бірлестіктер мен азаматтық сектор мүшелерінің енуі — қоғамның барлық қабаттарының үніне биліктің құлақ асуының кепілі болуға тиіс. Бұл институт мемлекеттің ішкі саясатының бағыттарын айқындап қана қоймай, Құрылтайға заң жобаларын енгізуге және халықтық референдум өткізу бастамасын көтеруге құқылы. Тарихтан белгілі, хандар жанындағы «Кеңесшілер алқасы» мен билер соты халықтың бірлігі мен тыныштығын сақтауда басты рөл ат-

көпірлер. 2026 жылғы 15 наурыздағы референдумда қабылданып, 1 шілдеде күшіне енген жана Конституция осы алтын арқаулардың құрылымына елеулі өзгеріс енгізді.

Бұл ретте Негізгі заңның 3-бабында «Қазақстан Республикасы қызметінің негіз құраушы қағидаттары» бекітілді. Оған Егемендік пен Тәуелсіздікті қорғау; адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын сақтау; заң мен тәртіп үстемдігін қамтамасыз ету; жалпыұлттық бірлікті бекемдеу; халықтың әл-ауқатын арттыру; жауапты әрі жасампаз отаншылдық идеясын ілгерілету; қоғамдық диалогты дамыту; еңбексүйгіштік, прогресс, білім құндылықтарын бекіту; жоғары экологиялық мәдениетті қалыптастыру; тарихи-мәдени мұраны сақтау; төл мәдениетті қолдау жатады. Мұның бәрі — билік пен қоғам арасындағы байланысты бекемдеп, азаматтардың қоғамдық-саяси өмірге белсенді араласуына жол ашатын жаңа қоғамдық институттардың негізгі мұраты әрі басты қызмет бағыты.

4-бап Қазақстан халқын мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы және егемендіктің иесі деп жариялады. Халық төл билігін референдум мен еркін сайлау институттары арқылы тікелей, сондай-ақ мемлекеттік органдар арқылы жанама жүзеге асырады. Ал 5-бап идеологиялық және саяси әралуандылықты мойындап, қоғамдық бірлестіктердің заң алдындағы теңдігін бекітеді және мемлекет пен қоғамдық бірлестіктердің бір-бірінің ісіне заңсыз араласуына жол бермейді.

Демек, қоғамдық институт тек «мемлекетке көмектесетін ұйым» деген тар ұғыммен шектелмейді. Ол — азаматтың ортақ іске араласуының заңды арнасы. Бірлестік құру еркіндігі де Конституцияның 23-бабында азаматтың конституциялық құқығы ретінде бекітілді. Оның іске асуы қоғамдық мүддені білдіруге, кәсіби, мәдени, әлеуметтік немесе өзге ортақ максаттар төңірегінде азаматтарды топтастыруға мүмкіндік береді.

ОТБАСЫ ИНСТИТУТЫ — ҰРПАҚ САБАҚТАСТЫҒЫ

Қоғамдық институттардың ішінде адам тағдырына ең жақыны және мемлекет тағдырына ең терең әсер ететіні — отбасы институты. Отбасы — адамның алғашқы тәрбие мектебі, өзара жауапкершіліктің алғашқы кеңістігі. Ол мемлекет үшін ұрпақ сабақтастығы мен әлеуметтік тұрақтылықтың табиғи негізі. Сондықтан оның құқықтық қорғалуы жеке адамдардың тұрмысын реттеумен ғана шектелмейді, елдің ұзақмерзімді дамуы мен қоғамдық тұтастығына қызмет етеді. Бұл тұрғыда жана Консти-

туцияда неке мен отбасы мәселесіне ерекше мән беріліп, оның мықты құқықтық қорғаны қамтамасыз етілген.

Ата заңның 30-бабының 1-тармағында: «Неке және отбасы, ана, әке мен бала мемлекет қорғауында болады» деп тайға таңба басқандай жазылған. Осы бір сөйлемінің өзінде үлкен философия жатыр. Өйткені отбасы қорғалса адам қорғалады, адам қорғалса қоғамның өзегі бекемделеді. Қазақтың «Отан — отбасынан басталады» деген канатты сөзі, осылайша конституциялық құқықтың тілімен қайта жаңғырады.

Конституцияның отбасы институтын реттейтін негізгі қағидаттары ер мен әйелдің некедегі тең құқылықтарын айқындап қана қоймай, қоғамның өзегі болған бұл шағын Отанның тұтастығын қорғайды. Мемлекет отбасының өміріне орынсыз араласпауға, оның құқықтары мен заңды мүддесін ілгерілетуге, отбасы мүшелерінің қауіпсіздігі мен әлеуметтік жағдайына қажетті құқықтық тетіктерді қалыптастыруға тиіс.

Тарихқа көз жүгіртсек, бабаларымыз шешім қабылдарда тек ханның не бидің сөзіне иек артпай, халықтың ортақ мүддесін ілгері оздыратын «Құрылтай» мен «Ақсақалдар кеңесі» сияқты институттардың күшіне арқа сүйеген. Халықтың биік рухы мен биліктің асқан әділдігі әдемі үйлесім тауып, өткеннің асыл мұрасын бүгінгі заманның озық талаптарымен ұштастыра білген елдің болашағы ғана баянды болмақ.

30-баптың 2-тармағы некенің құқықтық табиғатын нақты белгілейді: «неке — ер мен әйелдің мемлекет заңға сәйкес тіркеген ерікті және тең құқықты одағы». Мұнда бірнеше маңызды конституциялық қағидат қабысқан. Біріншісі — еріктілік: неке адамның еркін тандауына негізделуі керек. Екіншісі — теңдік: ерлі-зайыптылардың құқықтық мәртебесі бір-бірінен жоғары не төмен қойылмайды, тең болады. Үшіншісі — мемлекеттік тіркеу: белгіленген тәртіппен рәсімделген неке ғана заңдық тұрғыдан танылады. Бұл қағидаттар отбасы институтын дәстүр мен құқықтың тоғысқан тұсы ретінде көрсетеді. Дәстүр шаңырақтың жылуын сақтаса, құқық оның мүшелерінің еркіндігі мен теңдігін қорғайды.

Отбасы институтын конституциялық қорғаудың тағы бір маңызды қыры — ата-ананың бала алдындағы жауапкершілігі. 30-баптың 3-тармағы балаға қамқорлық жасау мен оны тәрбиелеуді ата-ананың етене құқығы әрі міндеті ретінде бекітті. Демек, Конституция баланы отбасының жай ғана мүшесі емес, дербес құқықтары мен мүдделері бар тұлға ретінде қабылдайды.

Бұл ұстаным неке-отбасы заңнамасында да дамытылған: кодекс отбасының кәмелетке толмаған мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін басымдықты қорғауды, балалардың отбасында тәрбиеленуін, олардың өсіп-жетілуі мен әл-ауқатына қамқорлық жасауды мемлекеттің негізгі қағидаттары қатарына жатқызды. Қазақы дүниетанымда бала — әулеттің ғана емес, елдің ертені. «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсін» дегендей, бүгінгі отбасындағы тәрбие — ертенгі қоғамның сипаты.

Ал 30-баптың 4-тармағы отбасы ішіндегі ұрпақтар сабақтастығын құқықтық міндет деңгейіне көтеріп отыр. Оған сәйкес, кәмелетке толған еңбекке қабілетті балалар еңбекке жарамсыз ата-анасына қамқорлық жасауға міндетті. Бұл норма әлеуметтік мемлекеттің табиғатын отбасы институтымен сабақтастырады. Мұның қазақ қоғамындағы тарихи баламасы бар. Дәстүрлі ортада қарт ата-ананы бағып-қағу заң талабынан бұрын ар-ұяттың, перзенттік парыздың өлшемі саналған. Үлкенді сыйлау, жетімін жылатпау, жесірін қаңғытпау секілді әлеуметтік нормалар қоғамдық ынтымақтың бейресми құқықтық тетіктері қызметін атқарған. Ал бүгін сол жауапкершіліктің белгілі бір бөлігі заманауи құқық нормаларымен бекітіліп отыр.

ӨЗ АУЫЛЫҢНАН БАСТАЛҒАН ДЕМОКРАТИЯ

Қоғамдық қатысудың ең нақты өлшемі — адамның өз аула, ауыл не қаласындағы мәселеге нақты ықпал ете алуы. Жана Конституцияның 89-бабы жергілікті маңызы бар мәселелерді халықтың өз бетінше шешуін қамтамасыз ететін жергілікті өзін-өзі басқаруды таниды. Ол тұрғындардың тікелей қатысуы арқылы да, мәслихат пен жергілікті қоғамдастықтың өзге органдары арқылы да жүзеге асырылады.

Бұл баптың қарапайым азамат үшін маңызы зор. Себебі демократия тек 5 жылда бір рет — Құрылтай, 7 жылда бір рет Президент сайлауында дауыс берумен шектелмейді. Оның шынайы өлшемі — тұрғынның көшесінің, мектебінің, суының, қоғамдық кеңістігінің мәселесіне пікір білдіруі және сол пікірінің шешімге айналу мүмкіндігі.

Жана Ата заңның IX бөлімі «Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару» деп аталады. Оның 87-91-баптары жергілікті биліктің құрылымын, мәслихаттардың өкілеттігін, атқарушы органдардың қызметін және ең бастысы — жергілікті өзін-өзі басқарудың конституциялық негіздерін айқындайды. Бұл ретте мемлекеттік басқару мен өзін-өзі басқару бір ұғым емес. Біріншісінде мемлекет атынан әрекет ететін орган-

дар басым болса, екіншісіннің өзегінде жергілікті тұрғындардың өз мәселесін өзі шешуі жатыр.

Осыдан жана қоғамдық институттардың басты мағынасын көруге болады. Құрылтай — өкілдік, Қазақстан Халық Кеңесі — диалог, қоғамдық бірлестіктер — ерікті азаматтық әрекет, отбасы — әлеуметтік жауапкершіліктің бас ордасы, жергілікті өзін-өзі басқару — жергілікті демократия, референдум институты — халықтың тікелей, ортақ шешімі. Бұлар бір-бірінен ірге ажыратқан аралдар емес, ортақ қоғамдық орта.

Жана Конституцияның тарихи салмағы — дәстүр мен заманауи құқықты сабақтастыруында. Даладағы кеңес пен бүгінгі диалогты ғасырлар бөліп тұрса да, екеуін жалғайтын ортақ ұғым бар: ел тағдырына жауапкершілік. Ол мемлекетке, қоғамға, азаматқа да жүктеледі. Қоғамдық институттардың атауы жанарғанымен, түпкі мұраты өзгермейді: ел бірлігін сақтау, елдік мәселені ақылмен шешу, әлсізді қорғау, келер ұрпаққа кемел қоғам қалдыру. Себебі Ата заңның өміршендігін оның қағидаларын шындыққа айналдыра алған қоғам түзеді.



нім мен диалогтын заманауи жана тірегі. Бұл мемлекеттік басқарудың тұжырымдамалық сипатын өзгертіп, ел тағдырын шешуде әрбір азаматтың пікірі шешуші мәнге ие болатын жана кезекті айғақтауы керек.

Президент дейектегендей, қазақ елінің көшбасшылары ел тағдыры талқыға түскен маңызды кезеңде елдік мәселелерді жеке өзі шешпей, Ұлытау төрінде немесе басқа да киелі жерлерде халық өкілдерін жинап, үш Жүздің басын қосып, Құрылтай арқылы бір байламға келген. Ол кезде ру басшылары, ақсақалдар мен батырлар бас қосып, елдің ішкі-сыртқы саясатын ақылдасып анықтайтын. Бүгінгі жаңа үлгідегі бірпалаталы Парламент — Құрылтай институты сол бағзы заманғы халықтық демократия мен алқалы билік дәстүрінің заманауи, жоғары деңгейдегі құқықтық көрінісі. Өткеннің көзіндей болған қасиетті құрылтай рухы бүгінгі заманауи құрылым түрінде қайта түлемек.

Сондай-ақ конституциялық жаңғыру аясында алдағы күзде жоғары консультативтік орган — бұрынғы

қарған. Осы арқылы ұлан-байтақ Ұлы даладағы ұлық ұлысымызды ұйыстырып, ұстап қалды. Ынтымағы жарасқан елдің шаңырағы биік десек, Халық кеңесі сияқты парасат аландары — соның мызғымас қорғаны болса, құп.

Яғни жана Конституциядағы бұл институттардың маңызы — қоғам мен билік арасындағы сенімді нығайтып, мемлекеттің тұрақты дамуын қамтамасыз етуде. Заман талабына сай өзгерген Ата заң азаматтардың құқықтарын кеңейтіп қана қоймай, ұлттық бірлік пен тұтастықтың терең тамыр жаюына жол ашпақ. Бабалар аманат еткен бірлік пен әділдік жолы осындай саликалы институттар арқылы жалғасын тапса игі.

БАЙЫРҒЫ ҰҒЫМДАРДЫҢ ЖАҢА ТЫНЫСЫ

Қоғамның беріктігі кейде азаматтарын бір-бірімен жалғайтын институттарының өміршендігінен де танылады. Отбасы, қауым, өкілдік орган, азаматтық қоғам, жергілікті өзін-өзі басқару — бұлар мемлекет пен жеке адам арасындағы көзге көрінбейтін

25 ТАМЫЗ 2026 | СЕЙСЕНБІ

Қымбат несие бизнестің дамуын тежеп тұрған кезеңде жеңілдетілген қаржыландыру кәсіпкерлерге өндірісті жаңартып, жаңа жобаларды қолға алуға мүмкіндік береді. Алайда мемлекет бөлген қаражаттың өзі экономикалық өсімге кепіл бола алмайды. Оның нәтижесі несие алған компаниялар санымен емес, ашылған өндіріс, құрылған жұмыс орны және нарыққа шыққан өнім көлемімен өлшенуге тиіс.

А Кәмила ДҮЙСЕН

Атап айтқанда, елімізде шағын және орта кәсіпкерлікті қаржыландыруға арналған «Өрлеу» бағдарламасының жана кезеңі басталмақ. Оның аясында бизнеске 55,6 млрд теңге көлемінде жеңілдетілген қаражат ұсынылады. Бір кәсіпкерге берілетін несие 7 млрд теңгеге дейін жетіп, қаржыландыру мерзімі 10 жылға дейін белгіленген. Жылдық мөлшерлеме 12,6%-дан аспауға тиіс.

Бағдарлама кәсіпорындардың инвестициялық бастамаларын жүзеге асыруға, сондай-ақ осыған дейін алынған инвестициялық несиелерін қайта қаржыландыруға мүмкіндік береді. Базалық мөлшерлеме жоғары, ал коммерциялық банктердің қарызы көптеген кәсіпкер үшін қымбат болып тұрған кезде мұндай шарттар бизнестің қызығушылығын тудыратыны анық. Әсіресе ұзақмерзімді несие өндіріс ашуға немесе кәсіпорынды технологиялық тұрғыдан жаңартуға ниетті компаниялар үшін маңызды.

Qazaq Expert Club сарапшысы, қаржыгер Саида Тілеуленова он жылдық мерзімді бағдарламаның негізгі артықшылықтарының бірі деп есептейді. Өндірістік жобаға салынған инвестиция бірден табыс әкелмейді. Жабдықты орнату, өнім шығаруды жолға қою және өткізу нарығын қалыптастыру үшін уақыт керек. Қысқамерзімді әрі қымбат несие мұндай жобалардың қаржылық жүктемесін күшейтсе, ұзақ мерзімге берілген қаражат төлемдерді жоспарлауға қолайлы жағдай жасайды.

ЖЕҢІЛ НЕСИЕНІҢ ДЕ ЖҮГІ БАР



Әсел БАЙТАҚЫЗЫ (КОЛДЖ)

КӘСІПКЕРЛІКТІ КОЛДАУДЫҢ ТИІМДІ ТЕТІГІ

Бағдарламаның тағы бір ерекшелігі — қазақстандық кәсіпорындар шығарған техника мен жабдықты сатып алуға басымдық берілуі. Бұл талап дұрыс іске асса, бюджеттен бөлінген қаражат тек несие алған компанияға ғана емес, отандық өндірістің басқа қатысушыларына да әсер етуі ықтимал.

«Мұндай жағдайда мемлекеттік қолдау бірден екі бағытта жұмыс істейді: бір жағынан, кәсіпкер арзанырақ қаржыландыруға қол жеткізеді, екінші жағынан — қазақстандық өндірушілердің өніміне сұраныс қалыптасады. Оның әсері өндірістік тізбек бойынша одан әрі таралуы мүмкін: жабдық өндірушілерден бастап шикізат жеткізушілеріне, логистикалық және сервистік компанияларға дейін», — деп түсіндіреді қаржыгер.

Дегенмен 55,6 млрд теңгенің бөлінуінің өзі экономикалық нәтиженің кепілі емес. Қаржы бұрыннан жұмыс істеп тұрған бірнеше ірі кәсіпорынға шоғырлана ма, әлде жана өндірістердің пайда болуына жол аша ма - түпкілікті тиімділік осыған

байланысты. Сондықтан бағдарламаның қорытындысын берілген несиелер саны немесе игерілген қаражат үлесі арқылы ғана бағалау жаңсақ болар еді.

«Мен 55,6 млрд теңгені бүкіл Қазақстан экономикасы үшін ауқымды ынталандыру шарасы ретінде қарастырмам едім. Бұл — нақты бағытталған қолдау шарасы. Оның тиімділігі бөлінген қаражат көлеміне емес, ең алдымен сол ақшаның нақты қайда бағытталатынына байланысты болады», — дейді ол.

Мемлекеттік қолдаудың ұзақмерзімді салдары да назардан тыс қалмауы керек. Егер кәсіпорынның даму жоспары жеңілдетілген несиеге тұрақты түрде байлansa, оның нарық талаптарына бейімделуі баяулауы мүмкін. Компания шығынды азайтуға, басқару сапасын жақсартуға немесе жеке инвестиция тартуға құш салудың орнына, кезекті арзан қаржы көзін күтетін жағдайға түседі.

«Мемлекеттік жеңілдіктер — бизнестің дамуын әрдайым автоматты түрде ынталандыра бермейді. Кәсіпкер жылдар бойы нарықтық мөлшерлемеден едәуір

төмен мөлшерлемемен қаржы алып отырса, оның өнімділікті арттыруға, шығындарды оңтайландыруға және қаржыландырудың өзге көздерін іздеуге деген ынтасы төмендеуі мүмкін. Субсидияларға тәуелділік әсері пайда болады: бизнес тұтынушы мен тиімділік үшін емес, жеңілдетілген ресурсқа қол жеткізу үшін көбірек бәсекелесе бастайды», — деп түсіндіреді сарапшы.

Бұл тәуекелді төмендету үшін жеңіл несие берумен қатар, нарықтық қаржыландыруды қолжетімді ету мәселесі де шешілуге тиіс. Әйтпесе, кәсіпорындар ауқымды жобаларды өз қаржылық мүмкіндігіне сүйеніп емес, тек мемлекеттік бағдарлама ашылған кезде ғана қолға алуы ықтимал.

«Егер жеңілдетілген қаржыландыру жаңа өндірістер құруға, қуаттарды кеңейтуге, импортты алмастыруға немесе экспорты ұлғайтуға мүмкіндік берсе, оның экономикалық әсері қаражаттың едәуір бөлігі бұрыннан бар міндеттемелерді қайта қаржыландыруға жұмсалған жағдайға қарағанда әлдеқайда жоғары болады», — деп қорытындылады Саида Тілеуленова.

АУЫР КӨЛІК АСФАЛЬТТЫ АЯМАЙДЫ

Абай облысында республикалық маңызы бар автомобиль жолдарының сапасын сақтау, ауыр жүк көліктерінің қозғалысын реттеу және заңсыз жол қосылымдарын жою мәселесі өткір тұр. Жол инфрақұрылымына түсетін шамадан тыс салмақтың салдарынан келтірілген залалдың алдын ала мөлшері 206 млн теңгеге бағаланған. Мамандардың айтуынша, мәселенің түйіні тек жол салуда емес, оны шамадан тыс жүктемеден қорғауда жатыр.

Өндірідегі автомобиль жолдарының жалпы ұзындығы 6 638 шақырымды құрайды. Оның 2 176 шақырымы — республикалық, 1 588 шақырымы — облыстық, 2 874 шақырымы жергілікті маңызы бар жолдар. Кейінгі жылдары өндіріс жол инфрақұрылымын жаңғыртуға айрықша көңіл бөлініп келеді. Республикалық маңызы бар жолдардың бірақтар учаскелерінде қайта жаңарту және орташа жөндеу жұмыстары жүргізілді. Алайда жаңартылған жолдардың ұзақ уақыт сапалы қызмет етуіне ауыр жүк көліктерінің шамадан тыс қозғалысы кері әсерін тигізіп отыр. «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ Абай облыстық филиалының мәліметінше, республикалық маңызы бар жолдардың 710,5 шақырымнан руда, қиыршықтас, құм-қиыршықтас қоспасы және басқа да материалдарды нормадан тыс тасымалдайтын ауыр жүк көліктері қатынайды. Сала мамандарының бағалауынша, өңір арқылы өтетін ауыр жүк көліктерінің шамамен 30-40 пайызы белгіленген салмақ нормасынан асырып жүреді. Әсіресе бір оське түсетін 8 тонна шекті жүктемені ескерсек, бұл жол жабынына түсетін қысымды бірнеше есе арттырады. Мәселенің ауқымын республикалық маңызы бар бірнеше бағыттан анық көруге болады. «Талдықорған — Қалбатау — Өскемен», «Омбы — Майқапшағай», «Семей — Қайнар», «Семей — Қалбатау» бағыттарында жол табанының шөгуі, көлік дөңгелегінен пайда болатын ойықтар, асфальттың толқындануы мен жарықшақтану жиілеген. Әсіресе «Қарағанды — Аягөз — Тарабатай — Бұғаз» автомобиль жолына түсетін жүктеме жоғары. Оның 320-447 шақырым аралығындағы 127 шақырымнан «Қазақмыс» корпорациясының кен тасымалдаушы көліктері «Ақбастау» және «Құсмұрын» кен орындарынан Қарағанды облысына руда жеткізеді.

Бұған қоса, 2025 жылдың басынан бері «Сарыбұлақ» кен орнынан Аягөз бағытына 587-704 шақырым аралығындағы 117 шақырым жол арқылы руда тасымалдануда. Жүк «Алматы — Өскемен», «Таскескен — Бакты» және «Омбы — Майқапшағай» автомобиль жолдарына да

түсіп отыр. «Аягөз — Бакты» теміржолының құрылысына байланысты «Боғатство» карьерінен құм-қиыршықтас қоспасы тасымалданса, «Ақжал» кен орнынан Өскеменге руда жеткізіледі. Ал «Сарыбиік» кен орнынан Семейге қиыршықтас тасымалданады. Осының барлығы жол жабынына түсетін салмақты арттырып, жаңадан жөнделген учаскелердің мерзімінен бұрын тозуына әкеліп отыр.

«Рұқсат етілген салмақтан 20-30 тонна асыра жүк тиейтін карьер көліктері мен ауыр жүк көліктері жаңадан төселген асфальттың өзін 1-2 жылда жарамсыз етеді. Біз қанша жерден сапалы жол салғанымызбен, габариттік бақылау жолға қойылмаса, бюджет қаржысын желге ұшырғанмен бірдей. Сондықтан бақылау тетіктерін автоматтандыруға көшіп жатырмыз», — дейді «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ Абай облыстық филиалы директорының орынбасары Алмат Шойынбаев.

Бұл пікір жол құрылысына бөлінетін қомақты қаржының тиімділігі мәселесін де алға шығарады. Жолдың шамадан тыс жүктемеден зардап шегіп отырғанын жөндеу жұмыстарының нәтижелері де көрсетеді. Мәселен, кепілдік учаскелерін көктемгі тексеру нәтижесінде «Citic Construction Co. LTD» мердігер ұйымы 2026 жылғы мамырда жолдың 720-799 шақырым аралығындағы учаскесінде жоғарғы қабатты қайта төсеуге мәжбүр болған. Жұмыстың құны 52 миллион теңгені құрады. «Аягөз — Ақсуат» бағытындағы орташа жөндеу учаскелерінде де осындай мәселелер анықталып, орындалған жұмыстардың құны 29 миллион теңгеге жеткен. Алдын ала есеп бойынша, рұқсат етілген салмақ параметрлерін асатын көлік құралдарының қозғалысы салдарынан автомобиль жолдарына келтірілген залал шамамен 206 миллион теңгені құрайды. Бұл — әзірге алдын ала есеп.

ШЕКТЕУДІ ЕЛЕМЕТІНДЕР БАР
Жолдарды сақтаудың негізгі тетіктерінің бірі — ауыр жүк көліктерінің қозғалысына қойылатын маусымдық шектеулер. Көлік министрінің міндетін атқарушының 2024 жылғы 12 қарашадағы №372 бұйрығына



сәйкес, бір оське түсетін жүктемесі 8 тоннадан асатын көлік құралдарының қозғалысына ауа температурасы +25 градус Цельсийден жоғары болған жағдайда 1 маусым мен 15 тамыз аралығында сағат 11.00-ден 21.00-ге дейін шектеу қолданылады. Бұл талаптың өзіндік себебі бар. Ауа температурасы жоғары кезде асфальт-бетон жабыны жұмсарып, ауыр көліктердің әсерінен жолдың деформацияға ұшырау қаупі артады. Сондықтан белгіленген уақытта ауыр жүк көліктерінің қозғалысын шектеу жол жабынын сақтауға бағытталған. Талаптарды бұзған жағдайда әкімшілік жауапкершілік қарастырылған. Алайда шектеу енгізілгенімен, оны айналып өтудің түрлі жолдары кездеседі.

Жолдарды қорғаудың тағы бір маңызды тетігі — автоматтандырылған салмақ-габариттік бақылау стансалары. Қазір республикалық маңызы бар жолдардың 691 және 783 шақырымдарында осындай стансалар жұмыс істейді. Бірақ бақылаудан жалтаруға тырысатын жүргізушілер де бар. Мониторинг барысында кейбір көлік құралдарының стансаларды рұқсатсыз жол қозғалысын шектеу жол жабынын сақтауға бағытталған. Талаптарды бұзған жағдайда әкімшілік жауапкершілік қарастырылған. Алайда шектеу енгізілгенімен, оны айналып өтудің түрлі жолдары кездеседі.

Жолдарды қорғаудың тағы бір маңызды тетігі — автоматтандырылған салмақ-габариттік бақылау стансалары. Қазір республикалық маңызы бар жолдардың 691 және 783 шақырымдарында осындай стансалар жұмыс істейді. Бірақ бақылаудан жалтаруға тырысатын жүргізушілер де бар. Мониторинг барысында кейбір көлік құралдарының стансаларды рұқсатсыз жол қозғалысын шектеу жол жабынын сақтауға бағытталған. Талаптарды бұзған жағдайда әкімшілік жауапкершілік қарастырылған. Алайда шектеу енгізілгенімен, оны айналып өтудің түрлі жолдары кездеседі.

Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңіндегі көрсеткіштен айтарлықтай төмен. Бұған көлік құралдарын тоқтату құқығының жойылуы себеп болып отыр. Соған қарамастан, анықталған құқық бұзушылықтар бойынша әкімшілік жауапкершілік күшейген. Инспекция мәліметінше, жыл басынан бері 1 668 әкімшілік құқық бұзушылық бойынша жалпы сомасы 127 миллион 373 мың 412 теңге айыппұл рәсімделген. Сонымен бірге көліктік бақылау бекеттері бойынша 1 776 әкімшілік айыппұл толтырылып, олардың жалпы сомасы 132 миллион 580 мың 710 теңгені құраған. Бұл сандар бақылаудың тиімділігі тек тексеру санына байланысты емес екенін көрсетеді. Ең маңыздысы — құқық бұзушылықты дер кезінде анықтап, оның қайталануына жол бермеу.

Бүгінде Абай облысында 8 275 жүк автокөлік құралы тіркелген. Ірі және ауыр салмақты жүктерді тасымалдаумен айналысатын 51 автомобиль тасымалдаушы Көліктік деректер қорының ақпараттық-талдау жүйесінде тіркелген. Сонымен қатар халықаралық автомобиль тасымалдарын жүзеге асыратын 269 тасымалдаушы бар. Осындай ауқымды көлік ағынын екі маман мен бір жылжымалы бекеттің күшімен толық бақылау оңай емес. Қазіргі кезде көліктік бақылауды негізінен бір жылжымалы бекет пен екі маман жүзеге асырып отыр.

Жолдың қауіпсіздігіне ауыр жүк көліктерінен бөлек, республикалық маңызы бар автомобиль жолдарына рұқсатсыз қосылған кірме жолдар да кері әсер етуде. «Автомобиль жолдары туралы» заң

КАРЖЫНЫҢ ҚАЙТАРЫМЫ КАҢДАЙ?

Саида Тілеуленова айтқандай, жеңілдетілген қаржыландырудың нәтижесін бөлінген немесе игерілген қаражат көлемімен ғана бағалау жеткіліксіз. Оның тиімділігін анықтау үшін бизнестің қарызы өтеу қабілетіне және несие қаражатының кәсіпорынын қаржылық тұрақтылығына қалай әсер еткеніне назар аудару қажет. Қазіргі статистика бұл мәселеде сак болуға негіз бар екенін көрсетеді.

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің дерегінше, 2026 жылғы 1 шілдеде шағын және орта бизнеске берілген несиелер көлемі жыл басынан бері 9,6%-ға өсіп, 12,17 трлн теңгеге жеткен. Бұл банктердің жалпы несие портфелінің 27,2%-ын құрайды. Яғни, кәсіпкерлердің қарыз қаражатына қолжетімділігі кеңейіп келеді. Алайда несие көлемінің артуымен бірге төлем мерзімін өткізіп алу жағдайлары да көбейген.

Мәселен, төлемі 1-30 күнге кешіктірілген бизнес қарыздары алты айда 157,7%-ға ұлғайып, 286 млрд теңгені құрады. 31-60 күн аралығындағы мерзімі өткен берешек 65,7 млрд теңгеге, ал 61-90 күндік қарыз 52,9 млрд теңгеге жеткен.

Төлемі 90 күннен астам уақытқа кешіктірілген несиелер көлемі жыл басынан бері 40,1%-ға өсіп, 473,5 млрд теңгені құрады. Олардың шағын және орта бизнестің несие портфеліндегі үлесі 3%-дан 3,9%-ға дейін артқан.

Бұл көрсеткіштер қаржыландыру көлемінің өсуі бизнестің жағдайы автоматты түрде жақсарды дегенді білдірмейтінін аңғартады. Сондықтан «Өрлеу» бағдарламасына бөлінген 55,6 млрд теңгенің нәтижесі жана несиелер санымен емес, сол қаржының өндірісті кеңейтуге, табысты арттыруға және кәсіпкерлердің қарыз жүктемесін төмендетуге ықпалымен өлшенуге тиіс. Әйтпесе, жаңа қолдау тетігі сарапшы ескерткен субсидияға тәуелділікті азайтудың орнына, кәсіпкерлердің қарызын бизнестің қайта құрылымдайтын кезекті құрал болып қалуы мүмкін.

талаптарын сақтамай, Ұлттық оператордың келісімінсіз салынған мұндай қосылымдар қозғалыс қауіпсіздігіне қатер төндіріп қана қоймай, су бұру жүйелерінің бұзылуына және жол жабынының мерзімінен бұрын бүлінуіне әкелуі мүмкін.

Абай облысының әкімі Берік Уәли жауапты мемлекеттік органдарға жолдардың сақталуын қамтамасыз ету бойынша нақты тапсырмалар берді. «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ-ға автоматтандырылған салмақ-габариттік бақылау стансаларын кезек-кезеңімен көбейту, жолдардың жай-күйіне ай сайын тұрақты талдау жүргізу және рұқсатсыз жол қосылымдарын түгендеу тапсырылды. Жергілікті атқарушы органдарға жол бойындағы нысандарды орналастыру кезінде заң талаптарын сақтау, мемлекеттік органдармен бірлесіп түсіндіру жұмыстарын жүргізу және жол бойындағы сервисі тексеріс нысандарды ұлттық стандарттарға сәйкестендіру міндеті жүктелді.

Көліктік бақылау инспекциясына ауыр жүк көліктеріне бақылауды күшейту үшін көршілес облыстардан мамандар мен жабдықтар тарту, маусымдық салмақ шектеулерінің сақталуын тұрақты бақылау және полициямен бірлескен рейдтер өткізу тапсырылды.

Инспекция автомобиль жолдарын күрделі жөндеу және құрылыс жұмыстарын жоспарлау кезінде автоматтандырылған өлшеу стансаларын жобалық-металдық құжаттамаға енгізуді де ұсынып отыр. Карьерлер мен тау-кен өндіруші ұйымдар орналасқан учаскелерде технологиялық жолдар ұйымдастырып, бақылау стансаларын орнату маңызды.

Семей қаласының жолдарын шамадан тыс жүктемеден қорғау мақсатында жана аспалы көпірдің алдына автоматтандырылған өлшеу стансасын орнату ұсынылды.

Абай облысында жол құрылысына қомақты қаражат жұмсалып, инфрақұрылымды жаңғырту бойынша ауқымды жұмыстар жүргізіліп жатыр. Бірақ жана жолдың сапасы оның қанша жыл қызмет ететінімен өлшенеді. Ал жолды сақтау — тек «ҚазАвтоЖолдың» немесе көліктік бақылау инспекциясының міндеті емес. Бұл — жүк тасымалдаушылардың, карьер иелерінің, тау-кен өндіруші кәсіпорындардың, жол бойындағы нысан иелерінің, жергілікті атқарушы органдардың және барлық жол қозғалысына қатысушылардың ортақ жауапкершілігі.

ЭКОЛОГИЯ – ҚАЛА ДАМУЫНЫҢ АЙНАСЫ

Шымкент қаласында қоршаған ортаны қорғау, аумақтарды абаттандыру және тұрғындар үшін жайлы экологиялық орта қалыптастыру жұмыстары жүйелі түрде жүргізіліп келеді. Бұл бағыттағы жұмыстардың басты мақсаты – қаланың тазалығын сақтап қана қоймай, жасыл желекті көбейту, қоғамдық кеңістіктердің сапасын арттыру, экологиялық мәдениетті қалыптастыру және тұрғындардың табиғатқа жауапкершілікпен қарауын қалыптастыру.

Назгүл НАЗАРБЕК,
Шымкент қаласы

Қаланың әл-Фараби ауданында атқарылып жатқан жұмыстар осы бағыттағы жүйелі шаралардың нақты көрінісі. Ауданда 262 мыңнан астам тұрғын тұрады. Мұнда 17 шағынаудан мен бір елді мекен, 931 көппөтерлі және 16 мыңнан астам жеке тұрғын үй бар. Ауданның ауызсумен, электр энергиясымен және табиғи газбен толық қамтылуы тұрғындардың өмір сүру сапасын арттырумен қатар, қалалық ортаның тұрақты дамуына негіз қалыптастырады. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында өткен брифинг барысында аудан әкімінің орынбасары Ержан Ерланұлы мәлімдеді.

ЖАСЫЛ ЖЕЛЕККЕ БӨЛЕНГЕН ҚАЛА

Қоршаған ортаны қорғау тек табиғи ресурстарды сақтаумен шектелмейді. Тұрғындардың күнделікті өмір сүретін ортасының тазалығы, көгалдандырылуы, жаяу жүргіншілер инфрақұрылымының дамуы мен қоғамдық кеңістіктердің қолжетімді болуы да экологиялық қолайлылықтың маңызды



тозанды азайтуға және тұрғындардың демалысына қолайлы жағдай жасауға ықпал етеді. Осы бағытта әл-Фараби ауданында жана қоғамдық демалыс орындарының ашылуы маңызды қадам болды. Бұрынғы «Кең Баба» және «Киял әлемі» саябақтарының орнына жана форматтағы «Жапон саябағы» мен City Park демалыс орындары пайдалануға берілді.

Мұндай қоғамдық кеңістіктер қаланың сәулеттік келбетін жаңартып қана қоймай, тұрғындардың табиғатпен етене араласуына мүмкіндік береді. Саябақтар мен жасыл аймақтардың көбеюі экологиялық туризмді дамытудың да маңызды алғышарты. Бүгінде экологиялық туризм ұғымы табиғи аумақтарға саяхат жасаумен ғана шектелмейді. Ол адамның қоршаған ортаға зиян келтірмей демалуын, табиғи ресурстарға ұқыпты қарауын және табиғатты қорғау мәдениетін қалыптастыруды қамтиды.

Осы тұрғыдан Шымкенттің саябақтары, жасыл желекті қоғамдық кеңістіктері, жаяу жүргіншілер бағыттары мен абаттандырылған аумақтары қала тұрғындары үшін экологиялық демалыс мәдениетін қалыптастыратын орындарға айнала алады.

ТАЗА ҚАЛА – ТАЗА ҚОҒАМ

Қоршаған ортаны қорғауда мемлекеттік құрылымдардың атқаратын жұмысы маңызды болғанымен, бұл

техника жұмылдырылады. Бұл жұмыстар қаланың сыртқы келбетін жақсартумен қатар, көгалдандырылған аумақтардың сақталуына жағдай жасайды. Шымкенттің климаттық ерекшелігін ескерсек, жасыл желекті күтіп-баптау мен тұрақты суару – маусымдық емес, үздіксіз жүргізілуге тиіс жұмыс. Экологиялық тұрғыдан алғанда, тазалықтың тұрақтылығы бірреттік акциялармен емес, күнделікті жүйелі қызметпен қамтамасыз етіледі. Қоқысты уақытылы шығару, көшелерді тазалау, арық жүйелерін күтіп ұстау, жасыл желекті суару және қоғамдық кеңістіктерді абаттандыру бір-бірімен сабақтас болуы қажет. Шымкенттің экологиялық әлеуетін арттыруда абаттандырылған қоғамдық орындардың туристік тартымдылығын күшейтудің де маңызы бар.

Қалаға келген қонақ үшін тарихи және мәдени нысандармен қатар, жасыл саябақтар, жаяу жүргіншілерге арналған бағыттар, демалыс орындары мен таза қоғамдық кеңістіктер де маңызды.

Сондықтан қаланы көгалдандыру мен абаттандыруды экологиялық туризммен ұштастыруға мүмкіндік мол. Саябақтарда экологиялық бағыттағы танымдық алаңдар, табиғатты қорғауға арналған ақпараттық стендтер, жаяу және велобағыттар, отбасылық демалыс орындары қалыптасса, олар қала тұрғындары үшін де, туристер үшін де тартымды орынға айналар еді.

Экологиялық туризмнің ерекшелігі – табиғатты тек тамашалау емес, оны қорғауға үндейтін мәдениетті қалыптастыру. Осы себепті қалалық саябақтар мен жасыл аймақтарды экологиялық ағарту алаңдары ретінде пайдалану маңызды.

ТҰРҒЫН ҮЙ ҚОРЫ ЖАҢАРАДЫ

Қоршаған ортаның сапасы тұрғын үй жағдайымен де тығыз байланысты. Әл-Фараби ауданында тұрғын үй қорын жаңғыртуға бағытталған жұмыстар жүргізілуде. 2026 жылы 23 көппөтерлі үй модернизациялау бағдарламасына қамтылып, оның 16-сында жұмыстар толық аяқталған. Сонымен бірге төрт мекенжайда реновация жобасы жүзеге асырылуда. Реновация мен модернизация тұрғын үйлердің сыртқы келбетін жақсартып қана қоймай, инженерлік инфрақұрылымды жаңартуға, аула аумақтарын тиімді ұйымдастыруға және тұрғындардың өмір сүру жағдайын жақсартуға мүмкіндік береді. Ал 2029 жылға дейін 28 апатты және тозығы жеткен тұрғын үйді жаңарту жоспарланып отыр. Бұл – қауіпсіз әрі жайлы қалалық ортаны қалыптастырудың ұзақмерзімді бағыты.

Шымкенттің қарқынды өсіп келе жатқан мегаполис ретіндегі болашағы экологиялық тұрақтылықпен тікелей байланысты. Халық саны мен құрылыс көлемі артқан сайын жасыл кеңістіктерге, таза ауаға, сапалы инфрақұрылымға және қоғамдық демалыс орындарына деген сұраныс та көбейе түседі. Сондықтан қоршаған ортаны қорғау қосымша бағыт емес, қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі құрамдас бөлігі болуға тиіс.

Таза көшелер, жасыл саябақтар, тиімді ирригациялық жүйе, абаттандырылған аулалар, қолжетімді жаяу жүргінші инфрақұрылымы және экологиялық мәдениеті қалыптасқан тұрғындар – заманауи қаланың басты белгілерінің бірі.

Әл-Фараби ауданында жүргізіліп жатқан жұмыстар осы мақсатқа бағытталған. Ендігі маңызды міндет – инфрақұрылымды дамыту мен тұрғындардың экологиялық жауапкершілігін қатар қалыптастыру.



АБАЙ МҰРАСЫНЫҢ МАҢЫЗЫ АРТТЫ

Абай күні қарсаңында қазақтың рухани мұрасын сақтау ісі үшін маңызы зор жаңалық жарияланды. Кітапхананың сирек қорын сақтау, қалпына келтіру және цифрландыруға бағытталған жоба Мәдени мұраны сақтауға арналған АҚШ Елшілері қорының (Ambassadors Fund for Cultural Preservation – AFCP) қолдауына ие болып, халықаралық бағдарламаның жеңімпазы атанды.

А Эльмира ЖҮРСІНБЕКҚЫЗЫ,
Абай облысы

Бұл – бір кітапхананың қорын жаңғыртуға бағытталған жоба ғана емес. Оның мәні әлдеқайда тереңде жатыр. Сирек қорда сақталған әрбір көне кітап, қолжазба мен басылым – қазақ халқының тарихи жады мен рухани сабақтастығын айғақтайтын баға жетпес жәдігер. Ал сол мұраны заманауи технологиялар арқылы сақтап, әлемдік ғылыми қауымдастыққа ұсыну – бүгінгі күннің маңызды міндеттерінің бірі.

Осы уақытқа дейін кітапхананың сирек қорындағы көне қолжазбалар мен кітаптарды көсібі деңгейде қалпына келтіру ісінде арнайы реставрациялық зертхана мен қажетті құрал-жабдықтардың болмауы кедергі келтірді. Сонымен қатар сирек қордағы құнды басылымдарды сапалы цифрландыруға мүмкіндік беретін заманауи үлкен форматты сканер де болған жоқ. АҚШ Елшілері қоры бағдарламасының жеңімпазы атану осы мәселелерді жүйелі түрде шешуге жол ашып отыр.

– Жоба аясында кітапханаға сирек кітаптар мен қолжазбаларды цифрландыруға арналған заманауи үлкен сканер алынады. Сонымен бірге сирек қордағы жәдігерлерді қалыпқа келтіру, консервациялау және реставрациялау жұмыстарын жүргізетін арнайы зертхана ашылып, оған қажетті құрал-жабдықтар сатып алынады, – дейді кітапхана директорының орынбасары Гүлмира Аязбаева.

Яғни жоба тек дайын мұраны электронды форматқа көшірумен шектелмейді. Ең алдымен, әрбір жәдігердің физикалық жағдайы бағаланып, қажет болған жағдайда қалпына келтіріледі. Содан кейін ғана оның сапалы цифрлық көшірмесі жасалады. Бұл – сирек қорды ұзақ мерзімге сақтаудың халықаралық талаптарға сай кешенді тәсілі.

Жоба 2 жыл 2 айға есептелген. Жұмыстар осы жылдың қараша айында басталып, 2028 жылы аяқталады деп жоспарланып отыр. Осы жоба нәтижесінде Семейдегі кітапхананың сирек қорында сақталған құнды кітаптар мен қолжазбалардың электронды сипаттамалары жасалып, арнайы цифрлық база қалыптастырылады. Болашақта оқырман мен зерттеуші

әлемнің кез келген жерінен сирек қор туралы ақпарат алып, қолжетімді цифрлық нұсқаларымен таныса алады. Бұл – Семейдегі құнды мұраны кітапхана қабырғасынан шығарып, халықаралық ғылыми кеңістікке ұсынуының жана мүмкіндігі.

Жобаның тарихи негізі америкалық зерттеуші, жазушы әрі журналист Джордж Кеннанның Семейге сапарымен сабақтасады. 1885 жылы Семейге келген Джордж Кеннан қазақ даласының тұрмыс-тіршілігіне, мәдениеті мен қоғамдық өміріне ерекше қызығушылық танытқан. Оның Семей сапары Абай мұрасымен де байланысты. Кеннан Абай пайдаланған кітапханаға арнайы барып, ондағы кітап қорымен танысқан. Кейінгі еңбектерінде ол қазақтың ұлы ойшылы туралы жазып, Абай есімін ағылшын тілінде оқырманға таныстырған алғашқы шетелдік зерттеушілердің бірі болды.

Арада бір жарым ғасырға жуық уақыт өткенде сол тарихи байланыстың жана мазмұнда жалғасуының символдық мәні зор. Кезінде Джордж Кеннан Абай оқыған кітаптарға қызығушылық танытып, ұлы ойшылы туралы Батыс оқырманына мәлімет жеткізсе, бүгінгі жоба сол рухани мұраны сақтап, оны зерттеушілерге қолжетімді етуге мүмкіндік бермек.

Кітапхана қорындағы көне кітаптар мен қолжазбалардың тарихи құндылығы жылдармен ғана өлшенбейді. Олардың әрқайсысы белгілі бір дәуірдің тынысын, білім жүйесін, әдеби-мәдени байланыстарын жеткізетін маңызды дереккөзі. Әсіресе Абайдың өзі оқыған немесе оның дәуірімен сабақтас басылымдардың ғылыми маңызы ерекше. Олар ұлы ақынның дүниетанымын, рухани ізденісін, шығыс және батыс әдебиетімен байланысын зерттеуде құнды дерек бола алады.

Ал жоба аяқталған кезде кітапхананың сирек қоры тек физикалық тұрғыдан сақталған жәдігерлер жиынтығы емес, ғылыми зерттеуге ашық, жүйеленген әрі цифрлық кеңістікте қолжетімді мәдени-тарихи ресурсқа айналмақ. Абай мұрасын сақтау енді бір ғана кітапхананың міндеті емес. Ол – ұлттық жалынды халықаралық деңгейде қорғауға бағытталған ортақ мәдени миссия. Ал АҚШ Елшілері қорының қолдауына ие болған бұл жоба сол миссияның Семейдегі нақты көрінісіне айналмақ.

БІЛІМ БӘЙГЕСІНДЕГІ БЕДЕЛ

Жамбыл облысы кейінгі онжылдықта білім бәсекесінде көш басында келеді. 2025-2026 оқу жылының өзінде өңір оқушылары халықаралық және республикалық олимпиадалар мен ғылыми жоба байқауларында жоғары нәтиже көрсетіп, өңір қоржынына 369 медаль салған.



А Саятхан САТЫЛҒАН,
Жамбыл облысы

Облыстық білім басқармасының басшысы Нұрбек Оршыбековтің айтуынша, республикалық ғылыми жобалар конкурсында облыс командасы 17 жыл қатарынан «Ең үздік команда» атағын иеленіп келеді. Сонымен қатар қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пәндер бойынша республикалық олимпиада қорытындысында оқушылар «Үздік олимпиадалық команда» атанған.

Биыл облыстағы 5 білім ұясы «Ең үздік олимпиадалық 100 мектеп» республикалық рейтингіне енді. Олардың қатарында дарынды балаларға арналған мамандандырылған «Білім-инновация» лицей-интернаттары, Тараз қаласындағы Ә.Бөкейханов атындағы №1 гимназия, Б.Момышұлы атындағы №45 қазақ классикалық гимназиясы және Т.Рысқұлов ауданындағы №6 мектеп-гимназиясы бар.

Мектеп түлектерінің ҰБТ нәтижесі де көңіл қуантады. Биыл 11-сыныпты тәмамдаған 14 494 түлектің 639-ы «Алтын белгі», 1 212-сі үздік аттестат иегері атанды. Ұлттық бірінғай тестілеуге 11 911 түлек, яғни мектеп бітірушілердің 82,5 пайызы қатысып, орташа көрсеткіш 79,9 балды құраған. Ал 4 түлек ең жоғары 140 балл жинап, облыстың білім саласының абыройын тағы бір мәрте асқақатты.

Мектеп оқушыларының білім жетістіктерін мониторингтеу нәтижелері де облыс оқушыларының республикадағы көшбасшы өңірлер қатарында екенін көрсетті. 9-сынып оқушылары математикалық және жаратылыстану-ғылыми сауаттылық бойынша республикада 1-орын, ал оқу сауаттылығы бойынша 3-орын иеленіп отыр.

Жетістіктер тек оқушылармен шектелмейді. Биыл 76 педагог халықаралық және республикалық деңгейдегі байқаулар мен олимпиадалардың жеңімпазы және жүлдегері атанды. Ұстаздар «Педагогикалық идеялар фестивалі», Teachers Hackathon, «Дарынды балаларға – талантты ұстаз», «Алтын тұғыр», «Математикалық регата», ОI SANDYQ, «Олимп шыңы» сынды беделді білім сайыстарында үздік нәтиже көрсетті.

Атап айтқанда, республикалық «Математикалық регата» олимпиадасында облыс командасы Бас жүлдені жеңіп алса, бастауыш сынып мұғалімдері арасындағы республикалық олимпиадада II орын, ал ОI SANDYQ зияткерлік байқауында III орын иеленді. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының педагогтары да республикалық байқауларда бірнеше мәрте Бас жүлде мен жүлделі орындарға қол жеткізді.

Иә, бұл Жамбыл облысының білім саласының жана биігін көрсетіп отыр. Мектеп оқушылары ғана емес, ұстаздар да жүзден жүйрік шығып жатқаны жан қуантады. Бұл ел ертеңі саналған жастарымыз сенімді қолда деген сөз.

“**Ауданның санитарлық жағдайын тұрақты бақылауда ұстау үшін 121 арнайы техника мен 558 қызметкер жұмыс істейді. Сонымен қатар жасыл желектерді суаруға күн сайын 20 арнайы техника жұмылдырылады. Бұл жұмыстар қаланың сыртқы келбетін жақсартумен қатар, көгалдандырылған аумақтардың сақталуына жағдай жасайды.**”

көрсеткіштері. Осы тұрғыдан алғанда, әл-Фараби ауданында абаттандыру жұмыстарына ерекше мән беріліп отыр. 2026 жылы «Халық қатысатын бюджет» жобасы аясында 45 алаңды абаттандыру жоспарланған. Бұл жоба тұрғындардың өз ауласының жай-күйіне тікелей ықпал етуіне мүмкіндік беріп, қоғамдық кеңістіктерді дамытуға азаматтардың қатысу мәдениетін қалыптастырады.

Көшелерді жарықтандыру, асфальт жабындысын жаңарту, аулаишілік жолдарды жөндеу жұмыстары да жалғасуда. Жоспарланған 49 көшенің 30-ында асфальт төсеу жұмыстары толық аяқталған. Сонымен бірге 63 ауладағы бүлінген жол учаскелері қалпына келтірілді. Жаяу жүргіншілерге қолайлы орта қалыптастыру да – экологиялық қаланың маңызды элементтерінің бірі. Биыл 9 көшеде аяқжол төсеу жұмыстары аяқталып, 11 көшеде ирригациялық арық жүйесі салынды.

Ирригациялық жүйелердің маңызы, әсіресе Шымкент сияқты климаты жылы өңір үшін жоғары. Мұндай инфрақұрылым көгалдар мен жасыл желекті тиімді суаруға мүмкіндік беріп, қаланың микроклиматын жақсартуға және абаттандырылған аумақтардың тұрақты сақталуына ықпал етеді.

ДЕМАЛЫС ОРЫНДАРЫ ЕРЕКШЕ КӨРІК БЕРЕДІ

Қаланың экологиялық тұрақтылығын қамтамасыз етуде жасыл желектің орны ерекше. Ағаштар мен көгалдар ауаның сапасын жақсартып қана қоймай, қалалық ортадағы температуралық тепе-теңдікті сақтауға, шаң-

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТУРИЗМНІҢ МӘНІ ЖОҒАРЫ

Ауданның санитарлық жағдайын тұрақты бақылауда ұстау үшін 121 арнайы техника мен 558 қызметкер жұмыс істейді. Сонымен қатар жасыл желектерді суаруға күн сайын 20 арнайы

Сары дақтың

САПАРЫ

Ол – бүгінгі бейнелеу өнерінде өзгерше бояуымен көзге түсіп суретшінің бірі. Оның ізденіске бейімі, батыл эксперименттерге баруы, қою гаммасы өзіндік қолтаңбасы қалыптасып келе жатқанын аңғартады. Сондықтан Аршын Қабылбекті қалыптан тыс ойлайтын, жаңа бағытқа ұмтылған суретші деуге болады. Картиналары қиялдауға, бояудың үнін сезінуге жетелейді. Міне, осындай картиналары елордадағы ӨзгеЕріс креатив хабында қойылып, суретшінің жеке көрмесі көпшілік назарына ұсынылды.



Көрме «Сары дақтың сапары» деп аталады. Оның да философиялық астары бар. Оны суретші былай түсіндіреді: «Бұл менің шығармашылығымда бір ғана түсті элементтен басқа, белгілі бір ішкі күйдің, адамның өзгеруінің белгісі ретінде пайда болды. Ол әр жұмыста әртүрлі мағынаға ие болуы мүмкін: кейде ол үміт, кейде ішкі жарық, кейде адам бойында қандай жағдай болса да жоғалмай сақталатын өзек секілді». Бұл түстің мазмұны болса, «сапар» сөзі де бекер тандалмаған. Автордың айтуынша, бұл көрме — бір нүктеде тұрған адамның емес, ішкі өзгеріс жолындағы адамның сапары. Ол қараңғылықтан жарыққа, жалғыздықтан өзіңді тануға, қысымнан еркіндікке қарай қозғалады. Сондықтан сары дақ та осы жұмыстардың арасынан өтіп, бір күйден екінші күйге өзгере отырып сапар шегеді.

Келушілер көрмеге қойылған туындыларға оң бағасын беріп жатыр. Солардың қатарында суретші әрі мүсінші, «Қазақ Елі» монументінің авторы Сембіғали Смағұлов та бар. Ол Аршын Қабылбектің суретшілік қарымын ерекше атап өтіп, жас суретшінің шығармашылық әлеуетін, көрменің мазмұндық тұтастығын жоғары бағалады.

— Көрмеден ерекше әсер алдым. Жаңа туындыларына қарап, суретшінің бір жылдың ішінде өте өнімді әрі табысты




енбек еткенін байқауға болады. Жалпы, суретші үшін қолдау мен орта аса маңызды. Тарихқа қарасақ, Италияда Медичилер өнерге қолдау көрсеткен кезеңде мәдениет пен шығармашылық ерекше өркендеді. Өнерге жағдай жасалған жерде оның нәтижесі де айқын көрінеді. Осы көрмеден Аршынның бір жылдың ішінде қаншалықты өскенін, шығармашылық мүмкіндігі мен үлкен әлеуетін аңғардым. Экспозициясы да өте тұтас, мазмұнды әрі жинақы шыққан. Абайдың сөзімен айтқанда, «айналасы теп-тегіс, жұмыр келгендей», композициялық жағынан да толыққанды, көркем көрме болыпты. Осындай көрменің Астанада өтіп жатқанына қуаныштымын. Бұл — шын мәнінде елорданың мәдени өміріндегі елеулі оқиғалардың бірі, — деп бағасын берді белгілі суретші.

Көрмеге бас-аяғы 40-тан астам картина қойылған: «Рух», «Жалғыздық эволюциясы», «Ішкі тыныштық», «Үнсіздік», «15 Тәулік» сериялары және «Қоршау» инсталляциясы, «Қозғалыс» перформансы. Бұлар бір-бірімен байланысқан бірнеше ішкі кезеңнің тарихы іспетті. Суретшінің шығармашылығындағы негізгі бағыт — адамның ішкі әлемін зерттеу. Яғни, кейіпкеріміз жалғыздық, еркіндік, ішкі тыныштық, қысым, өзгеріс, адамның өзін іздеуі сияқты тақырыптарға жиі оралады. Ал стиль жағынан өзін бір ғана бағытпен шектемейтінін айтады. Оның жұмыстарында абстрактілі және декоративті шешімдермен қатар фактура, графика және символдық образдар кеңінен қолданылады. Ол майлы бояу, акрил және мастихинмен жұмыс істейді. Дегенмен суретші үшін қолданылатын техникадан гөрі шығарманың ішкі мазмұны маңызды. Сондықтан әр туындының идеясы мен мазмұнына сай өзіндік форма мен фактура табуға тырысады.

— Бұл көрме мен үшін маңызды кезеңдердің бірі. Бұған дейін де топтық және жеке форматтағы көрмелерге қатыстым, 2017 жылы Алматыдағы Кастеев мұражайында «?» атты жеке көрмем болды, алайда «Сары дақтың сапары» өз шығармашылығымды тұтас бір жүйе ретінде көрсетуге мүмкіндік берген үлкен жоба болды. Алдағы уақытта осы жобаны тоқтатпай, әрі қарай дамытқым келеді. Көрменің басқа қалаларда да көрсетілуі туралы жоспар бар. Сонымен қатар жаңа сериялармен жұмыс істеп, қазіргі шығармашылық бағытымды тереңдеткім келеді. Әр көрмені келесі кезеңге өтетін баспалдақ деп түсінемін. Өйткені сурет өміріме өте ерте келді. Бұл біртіндеп қалыптасқан тандау болды. Бейнелеу өнері легенді кейде сөзбен жеткізе алмайтын нәрсені бояу, форма, кеңістік арқылы айтуға мүмкіндік беретін тіл дер едім, — деді А.Қабылбек.

Бейнелеу өнеріндегі композициясы сәтті шыққан шығарманы ажырату қиын емес. Сызық, түс, пішін, фактура — бәрі-бәрі өз орнын тауып, бір-бірімен үндесіп тұрады. Әр суретшінің қолтаңбасы да осы тұстан танылады. Саусақ бедері ешкімде қайталанбайтыны сияқты, суретшінің бояуды сезінуі, кеңістікті құруы, образды жеткізу тәсілі де өзіне ғана тән. Өнердің тартымдылығы да осында шығар: бір тақырыпты жүз адам бейнелесе, жүз түрлі дүние тууы мүмкін. Бүгінде бұл мәселе тіпті басқа қырынан көрініп отыр. Мәселен, жасанды интеллект санаулы секундта көз



Көрмеге бас-аяғы 40-тан астам картина қойылған: «Рух», «Жалғыздық эволюциясы», «Ішкі тыныштық», «Үнсіздік», «15 Тәулік» сериялары және «Қоршау» инсталляциясы, «Қозғалыс» перформансы. Бұлар бір-бірімен байланысқан бірнеше ішкі кезеңнің тарихы іспетті.

тартар бейне жасап бере алады. Оның мүмкіндігін жоққа шығару қиын. Бірақ дайын бейне қаншалықты мінсіз болғанымен, адам қолымен салынған картинаның табиғаты бәрібір бөлек. Бәлкім, технология дамыған сайын қолмен жасалған өнердің қалірі бұрынғыдан да арта түсетін шығар. Себебі бір кезде біз суреттің қаншалықты әдемі екеніне көбірек қарасақ, енді оның артында кім тұрғанына, ол адамның не сезінгеніне, не айтқысы келгеніне көбірек үніле бастаймыз. Кейіпкеріміз де осындай пікірде.

Суретші Аршын Қабылбек кейінгі жылдары елімізде өнерге деген қызығушылықтың біртіндеп артып келе жатқанын айтады. Жаңа галерейлар мен көрме алаңдары ашылып, түрлі арт-жобалар ұйымдастырылып жатқанын, соның арқасында жас суретшілерге өз жұмыстарын көрсетуге, көрерменмен кездесуге бұрынғыдан көбірек мүмкіндік туатынына қуанатынын жеткізді. Десе де, ол әңгіме барысында жас суретшілерге жүйелі қолдау әлі де керек екенін негізге алды.

— Әсіресе жас суретшіні тек көрме өткізу деңгейінде емес, кәсіби түрде дамыту, оның шығармашылығын насихаттау, коллекционерлермен байланыстыру және тұрақты арт-нарық қалыптастыру жағы әлі де дамуы қажет етеді. Өйткені суретші тек картина жасап қана қоймай, өз еңбегімен өмір сүре алатын жүйе қалыптасса, бұл өнердің дамуына үлкен әсер етеді. Бізге суретшінің шығармашылығына уақыт бөлуіне мүмкіндік беретін кәсіби орта керек, — дейді ол.

Аршын Қабылбектің шығармашылығында еркіндік ұғымның орны бөлек. Оның түсінігінде, өнер белгілі бір қалыпқа сыйып, біреудің талғамына бейімделетін кеңістік болмауы керек. Керісінше, суретші өз ойын, сезімін, ішкі күйін еш шектеусіз жеткізе алғанда ғана туынды шынайы бола түседі. Маңыздысы — тоқыраудың ішінде қалып қоймай, оның қайда жетелеп тұрғанын түсіне білу. Суретші шығармашылықтағы еркіндіктің өзі үшін қаншалықты маңызды екенін де аңғартты. «Өнерде мен біреуге ұнау үшін де, бір нәрсені дәлелдеу үшін де міндетті емеспін. Мен үшін өнер еркін болатын кеңістік», — деп сөзін түйді кейіпкеріміз.

«COUPE MONDIALE 79» БАСТАЛДЫ

Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік академиялық концерттік ұйымында «Coupe Mondiale 79» атты баяншылар мен аккордеоншылардың халықаралық байқауының ашылу салтанаты өтті.



Әлемдік баян және аккордеон өнеріндегі ең беделді додалардың бірі саналатын «Coupe Mondiale» биыл алғаш рет Қазақстанда және Орталық Азияда өтіп отыр. Халықаралық байқау кәсіби орындаушыларды, музыка мамандарын, халықаралық сарапшыларды және баян мен аккордеон өнерінің танымал өкілдерін елорда төрінде тоғыстырды. Биыл байқауға 147 өтінім түсті. Оның 126-сы жеке орындаушылардан, 21-і ансамбльдерден қабылданған. Қазақстан, Ресей, Қытай, Италия, Португалия, Черногория, Сербия, Хорватия, Швейцария, Жапония, Өзбекстан, Бразилия, Босния және Герцеговина, Қырғыз Республикасы,

Солтүстік Македония және Беларусь елдерінен келген өнерпаздар жеті аталым бойынша бақ сынайды. Байқауға орай Астанаға Халықаралық аккордеонистер конфедерациясының 48 делегаты келді.

«Coupe Mondiale 79» аясында халықаралық байқаумен қатар Халықаралық аккордеоншылар конфедерациясы делегаттарының 156-конгресі өтіп жатыр. Конгресс барысында ұйымның халықаралық қызметі, баян және аккордеон өнерін одан әрі дамыту, кәсіби музыкалық білім мен ұлттық орындаушылық мектептер арасындағы байланысты нығайту мәселелері талқыланады.

ЖАҢА МАУСЫМ АШЫЛАДЫ

«Астана Балет», «Астана Опера» және Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театрында жақында жаңа маусым басталады. Биыл көрерменге ұлттық репертуардағы туындылар, гастроль аясындағы қойылымдар және қазақ әдебиетінің классикасы негізінде сахналанған балет премьерасы ұсынылады.



Жаңа маусымды алғаш болып «Астана Балет» театры бастайды. 28 және 29 тамызда театр сахнасында Корея ұлттық балеті Адольф Аданнның музыкасына қойылған «Корсар» спектаклі көрсетіледі. Қойылымның хореографы — Сон Чжонбин.

«Астана Опера» XIV театр маусымын 4 және 5 қыркүйекте Ахмет Жұбанов пен Латиф Хамидидің Мұхтар Әуезов либреттосына жазылған «Абай» операсымен ашады. Қойылым композиторлардың туғанына 120 жыл толуына орай сахналанады. Спектакль дирижері — Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік

сыйлығының лауреаты Алан Бөрібаев. Маусым барысында театрда бірнеше премьера өтеді. Олардың қатарында Константин Радевтің хореографиясындағы «Чарли және Ирэн», Саттар Ғұмар сахналаған «Томирис» балеттері және режиссер Еслан Тойкеновтің балаларға арналған «Арман» музыкалық спектаклі бар.

Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театры 93-маусымын 12-13 қыркүйекте «Ақбала» ұлттық балетінің премьерасымен ашады. Қойылым Әбдіжәміл Нұрпейісовтің «Қан мен тер» трилогиясының жетісімен сахаланып, шығарма алғаш рет балет өнері арқылы көрерменге жол тартады.

БЛОГЕР ДЕРЕКТІ ФИЛЬМ ТҮСІРДІ

YouTube желісінде 21 млн-нан аса аудиториясы бар, танымал арабиялық тревел-блогер, әрі деректі фильмдер авторы Джо Хаттаб Қазақстан туралы деректі фильм түсірді.



Фильмде ол Астанаға ерекше тоқталып, елорданы «Болашақтың қаласы» деп атады, шаһардың қарқынды дамуы мен заманауи сәулетіне тоқталды.

Атап айтқанда, блогер Astana Hub-қа барып, жасанды интеллект және цифрлық

даму министрі Жаслан Мәдиевпен кездескен. Сондай-ақ EXPO аумағында және Орталық Азиядағы ең ірі мешіттердің бірі — «Нұрсұлтан» мешітінде болды. Бүгінде фильм YouTube желісінде 3,8 миллионға жуық қаралым, 147 мыңнан аса лайк жинады.

Бетті дайындаған Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ



AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор – Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор – Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС – Бас редактордың бірінші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ – Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА – Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ – Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ – Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ – Қызылорда облысы
Бәні ЖАНҰЗАҚ – Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(707) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(777) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады